



ТҰРКІ АЛӘМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://www.turkalemi.org/>

№ 5 (мамыр, 285) 2026 жыл



Бір кездері Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда мен мәдениеттің орталығы болған Түркістанда енді цифрлық экономика, инновация және жасанды интеллект мәселелерінің талқылануы – уақыттың жаңа талабын

ТҰРКИСТАНДА ТАРИХ пен ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСТЫ

Түркістан тағы да түркі жұртының назарын өзіне аударды. Бұл жолы қасиетті шаһарға Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған бастаған түркі мемлекеттерінің көшбасшылары жиналды. Алайда бұл басқосудың өзгешелігі – жиында өткеннің емес, болашақтың мәселесі талқыланды.

Кезінде қазақ хандары ақ киізге көтерілген, ұлт тағдырына қатысты шешімдер қабылданған Түркістанда бүгін жасанды интеллект пен цифрлық технология дәуірі сөз болды. Ғасырлар бойы руханияттың ордасы болған қала енді түркі әлемінің технологиялық болашағын айқындайтын алаңға айналып келеді.

Қазақстанға мемлекеттік сарпармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған алдымен Астанада Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті дамыту мәселелерін талқылады. Кейін мемлекет басшылары Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысты.

Саммиттің басты тақырыбы – «Жасанды интеллект және цифрлық даму». Бұл кездейсоқ таңдалған тақырып емес. Бүгінде әлем елдері технологиялық жарысқа түскен шақта түркі мемлекеттері де ортақ ғылыми және цифрлық кеңістік қалыптастыруға ұмтылып отыр.

көрсетеді. Бұл түркі әлемінің тек өткеніне сүйеніп қана қоймай, болашаққа да нақты бағдар жасап отырғанының белгісі.

Саяси сарапшылардың пікірінше, Түркістандағы бұл саммит түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтерген маңызды қадам болды. Өйткені бүгінгі әлемде мемлекеттердің қуаты тек табиғи байлықпен емес, біліммен, ғылыммен және технологиямен өлшенеді.

Қасиетті Түркістанда өткен бұл кездесу түркі халықтарының ортақ тарихының ғана емес, ортақ болашағының да бар екенін тағы бір мәрте көрсетті.

28 МАМЫР – ӘЗІРБАЙЖАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы бауырлас Әзербайжан халқын 28 мамыр – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтайды!

Бұл күн – Әзербайжан тарихындағы аса маңызды мереке. 1918 жылы дәл осы күні мұсылман әлеміндегі тұңғыш демократиялық парламенттік республика – Әзербайжан Демократиялық Республикасы жарияланып, ұлттық мемлекеттіліктің берік негізі қаланды.

Бауырлас елдің тәуелсіздігі мен егемендігі нығайып, халықаралық беделі арта берсін. Әзербайжан халқына бейбіт өмір, бақ-береке, ынтымақ пен тұрақты даму тілейміз.

Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы достық пен бауырластық байланыстар мәңгі жасай берсін!

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай өткен ғасырдың зұлмат жылдарында жазықсыз жапа шеккен миллиондаған боздақтардың рухына тағзым етеді.

Тарихымыздың қасіретті кезеңінде халқымыз ауыр сынақтарды бастан өткерді. Ұлттың бетке ұстар зиялылары қуғын-сүргінге ұшырап, мыңдаған отбасы қайғы-қасіретке душар болды. Ашаршылық жылдары миллиондаған адам туған жерінен айырылып, талай тағдыр тәлкекке түсті.

Біз азаттық пен тәуелсіздік жолында құрбан болған арыстарымыздың жарқын бейнесін әрдайым құрметпен еске аламыз. Олардың рухы ұрпақ жадында мәңгі сақталып, ерлігі мен өнегелі өмір жолы кейінгі буынға тағылым бола береді.

Марқұмдардың рухы шат, жатқан жерлері жайлы болсын.

SELVADOR
aluminium

• ГИЛЬОТИННАЯ СИСТЕМА ОСТЕКЛЕНИЕ • ПЕРГОЛА ТЕНТ
• БИОКЛИМАТИЧЕСКАЯ ПЕРГОЛА • ПЕРЕГОРОДКИ
• РАЗДВИЖНЫЕ СИСТЕМЫ: ОКНА И ДВЕРИ • ФАСАДНАЯ СИСТЕМА

Адрес: Казахстан, г. Алматы, район Алмалинский
улица Жибек жолы 135, почтовый индекс 050000
сайт: www.selvador.kz

+7 (727) 978 10 10, +7 (700) 978 10 10

HÄUSLER
Тұрмыстық техника және электроника

ҮЙІҢІЗ ҮШІН СЕНІМДІ САПА

Заманауи технологиялар, сенімділік және әр бөлшектегі стиль.

- СЕНІМДІЛІК: Ұзақ мерзімді жұмыс, бір бөлшек келісіміне
- ТЕХНОЛОГИЯ: Инновациялық шешімдер, сәлсіз қосалғылық үшін
- СТИЛЬ: Заманауи дизайн, сәлсіз үйіңіздің үйелісі

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАЛАР
Тығыз және өзіне ұқсастық үшін

ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАЛАР
Таза ыдыс - қосалғыда күйі салмай-ақ

ПЕШТЕР
Көз көрген дизайнға тамаша нәтиже

ҰСАҚ ТЕХНИКА
Ыңғайлы, практикалық және әр күнде қажет

БІЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕМІЗ

- hausler_tehnika Instagram
- HauslerTehnika YouTube
- hausler.com.kz Ресми сайт

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – БІЗДІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫМЫЗ!

Кез келген сұрағыңызға қуана жауап береміз!

РЕСМИ ӨКІЛ «REGNUM» LLP

+7 (700) 252-10-10 Алматы қ., Райымбек даңғылы, 223Д

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- Тіркелу және виза жасау
- Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana **Lufthansa**
TURKISH AIRLINES **QATAR AIRWAYS**

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864
Ұялы тел.: +7 701 555 08 36
effcket@temtour.net

Astana, 19, str. Tashenova
T.: +7 (7172) 91 94 94
M.: +7 (702) 500 90 03
travelastana@temtour.net

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ – МӘДЕНИЕТ пен ТАРИХТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Түркі халықтары – әлемнің кең аумақтарына таралған, ортақ тілдік, мәдени және рухани дәстүрлерге негізделген халықтар тобы. Олар Азияның, Кавказдың, Орта Азияның, Шығыс Еуропаның және Қытайдың кейбір аймақтарының тұрғындарын қамтиды. Түркі халықтарының тарихы мыңдаған жылдарға созылады және бұл халықтар өздерінің көшпелі мәдениетімен, әскери дәстүрімен, әдебиеті мен өнерімен танымал. Түркі халықтары – өзара байланысы бар, бірақ әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар халықтар.

Түркілердің тарихы ежелгі дәуірлерге дейін созылады. Олар бастапқыда көшпелі өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысқан. Түркілердің алғашқы мемлекеттері көне Орта Азия мен Қазақстан, Қытай мен Қара теңіз аймағында қалыптасқан. Түркі тайпаларының бірігуі, соғыстар мен сауда қатынастары олардың мәдениеті мен әлеуметтік құрылымын қалыптастырды. Түркілердің Ұлы Қағанаттары, Қарлұқтар, Қимақтар, Қыпшақтар және кейіннен Осман империясы – олардың тарихындағы маңызды кезеңдер болып табылады. Бұл мемлекеттер өз дәуірінде мәдени, саяси және экономикалық дамуды көрсеткен.

Түркі халықтарының тілдері өзара туыстық қатынаста, бірақ әр халықтың диалектілері мен ерекшеліктері бар. Тіл – халықтың мәдениетінің негізгі құралы. Түркі тілдерінде фольклор, мақал-мәтелдер, аңыздар, жырлар, эпостар, әндер дамыған. Түркі халықтарының әдебиеті терең философиялық оймен, моральдық сабақтармен ерекшеленеді. Мысалы, Қожа Ахмет Йассауи – түркі халықтарының рухани мәдениетінде ірі тұлға, оның «Диуани Хикметі» түркі әдебиеті мен философиясының қазынасына айналған. Сонымен қатар Мағжан Жұмабаев, Әл-Фараби, Насыр Хұсран сияқты ойшылдар мен ақындар түркі мәдениетін дамытуға зор үлес қосқан.

Түркі халықтарының музыкасы мен биі – олардың рухани өмірінің маңызды бөлігі. Әр халықтың дәстүрлі аспаптары бар: домбыра, қобыз, сазсырнай, кеманча, дутар. Әр аспаптың өз тарихы мен мәдени маңызы бар. Дәстүрлі билер мен музыкалық шығармалар халықтың тұрмысын, сезімін, тарихын жеткізеді. Түркі халықтарының қолөнері де ерекше – кілем тоқу, керамика, зергерлік бұйымдар, ою-өрнектер олардың эстетикалық талғамын көрсетеді. Қолөнер арқылы ұрпаққа рухани құндылықтар, өмір салты, тарих жеткізіледі.

Түркі халықтары қонақжайлылық, бауырмалдық, отбасылық құндылықтарды жоғары қояды. Көшпелі өмір дәстүрінде адамдар бір-біріне көмектесіп, қауымдастықпен өмір сүрген. Дәстүрлі мерекелер, салттық рәсімдер, отбасылық және қоғамдық шаралар – түркі халықтарының мәдениетінің маңызды бөлігі. Мысалы, Наурыз мейрамы – табиғаттың жаңаруы мен адамдардың бірлігін білдіретін ежелгі мереке. Мұндай дәстүрлер халықтың бірлігін сақтап, ұрпаққа тарихи сабақ береді.

Қазіргі заманда түркі халықтары дәстүрін сақтай отырып, заманауи өмірге бейімделіп келеді. Олар ғылым, мәдениет, өнер, спорт саласында жетістіктерге жетіп, өз мәдениетін әлемге танытуда. Түркі мемлекеттері халықаралық деңгейде мәдени және білім саласында ынтымақтастық жүргізіп, ортақ құндылықтарды сақтауға күш салады. Қазіргі жастар дәстүр мен заманауи технологияларды үйлестіріп, өз ұлттық мәдениетін дамытуда. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде түркі халықтарының тілдік және мәдени қауымдастықтары құрылып, ынтымақтастық кеңейіп келеді.

Түркі халықтарының ортақ мәдениеті – олардың бірлігінің, тарихи тамырларының және рухани құндылықтарының негізі. Тіл, әдебиет, музыка, дәстүр – осы арқылы түркі халықтары өз мәдениетін сақтап, ұрпаққа жеткізеді. Қазіргі уақытта білім, ғылым, мәдениет саласында бірлесіп жұмыс жасау түркі халықтарының күшін арттырып, әлемдік деңгейде танымал болуына жол ашады. Түркі халықтарының бірлігі – олардың болашағының кепілі, мәдени құндылықтарын сақтап, жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, түркі халықтары – бай тарихы, ерекше мәдениеті, әдебиеті мен өнері бар халықтар. Олар өз дәстүрін сақтап, заманауи өмірге бейімделіп, мәдени мұраларын келесі ұрпаққа жеткізуге тырысады. Түркі халықтарының ортақ мәдениеті мен құндылықтары – олардың бірлігінің, күшінің және тарихи мұрасының кепілі. Бұл халықтардың рухани және мәдени дамуы олардың әлемдік аренада өзіндік орны бар екенін көрсетеді және түркілік құндылықтарды сақтауға үлкен үлес қосады.

Зарина Әбілқасым

Тұран университетінің 4-курс студенті

МҮСІРЕПОВ ТЕАТРЫНЫҢ «ГАМЛЕТ. СОҢҒЫ КҮНДЕР» ҚОЙЫЛЫМЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САХНАҒА ЖОЛ ТАРТАДЫ

Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының көрермен ықыласына бөленген «ГАМЛЕТ. Соңғы күндер» қойылымы алғаш рет Халықаралық гастрольдік сапарға аттанады. Театр ұжымы 5, 6 маусым күндері Түркияның Аланья қаласында өнер көрсетіп, шетелдік көрерменге қазақ театр өнерінің жаңа тынысын ұсынбақ.

Гастроль театр тарихындағы маңызды шығармашылық белестердің бірі. Қазақ сахна өнерінің заманауи бағыттағы ізденісін танытатын қойылым халықаралық аудиторияға жол тартып, ұлттық мәдениеттің кеңістігін кеңейте түспек. Театр ұжымы үшін бұл сапар тек гастрольдік көрсетілім ғана емес, сонымен қатар мәдени байланыстарды нығайтып, шығармашылық тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін маңызды кезең болмақ. Сонымен қатар, «ГАМЛЕТ. Соңғы күндер» қойылымы 30 маусым мен 2 шілде аралығында Грузияның Тбилиси қаласында өтетін «Тбилиси Эалықаралық театр фестиваліне» қатысады. Әлемнің әр елінен келетін театр ұжымдарының басын қосатын Эалықаралық фестиваль сахнасында Мүсірепов театры қазақ өнерінің көркемдік деңгейін тағы бір мәрте паш етпек.

Уильям Шекспирдің мәңгілік туындысын жаңаша көзқараспен сахналаған бұл қойылым адам жанының қасіреті мен арпалысын, билік пен сатқындық, махаб-

бат пен жалғыздық тақырыптарын терең философиялық тұрғыда қозғайды. «ГАМЛЕТ. Соңғы күндер» классикалық шығарманың дәстүрлі баяндауынан бөлек, бүгінгі қоғаммен үндесетін психологиялық кеңістік қалыптастырған ерекше сахналық жұмыс.

Қойылым режиссері театрымыздың көркемдік жетекшісі Дина Жұмабаева. Режиссер спектакльде У. Шекспир мәтінінің ішкі драматизмін заманауи сахналық тілмен ұстастырып, көрерменді кейіпкерлердің жан әлеміне терең бойлататын атмосфера қалыптастырған.

Қойылымда Гамлет (Алихан Қарибаев), Клавдий (Еділ Рамазанов), Гертруда (Жанар Мақашева), Полоний (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сафуан Рысбайұлы), Офелия (Аида Жантілеуова), Лазерт (Елдар Отарбаев), Горацио (Шағуан Үмбетқалиев), Розенкранц (Рахат Жұмаханов) рөлдерін сомдайды.

Халықаралық гастроль мен фестивальге қатысу театр ұжымының шығармашылық ізденісінің жемісі әрі қазақ театр өнерінің әлемдік мәдени кеңістіктегі орнын айқындайтын маңызды оқиға. «ГАМЛЕТ. Соңғы күндер» қойылымының шетел сахнасындағы сапары ұлттық өнердің жаңа белеске көтеріліп келе жатқанының айқын көрінісі болмақ.

Адина Абзалқызы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: МҮМКІНДІК ПЕ, ӘЛДЕ ҚАУІП ПЕ?

XXI ғасыр – технология ғасыры. Бүгінгі күннің ең үлкен жаңалығының бірі – жасанды интеллект. Ол адам өмірінің барлық саласына еніп, қоғамды түбегейлі өзгертіп келеді.

Жасанды интеллект дегеніміз – адамның ойлау қабілетіне ұқсас әрекет жасай алатын компьютерлік жүйе. Ол мәтін жазады, сурет салады, ауруды анықтайды, көлік жүргізеді, тіпті адаммен сөйлесе алады. Мұның бәрі – ғылым мен техниканың жетістігі.

Көптеген салада жасанды интеллект үлкен мүмкіндік сыйлап отыр. Медицинада ол ауруды ерте анықтауға көмектеседі, білім саласында оқушының деңгейіне сай бағдарлама ұсынады, өндірісте қателікті азайтып, жұмысты жылдамдатады. Уақыт үнемделеді, адам еңбегі жеңілдейді.

Алайда әр жаңалықтың екінші жағы болатыны секілді, жасанды интеллекттің де қауіптері бар. Кейбір мамандықтардың жойылу қаупі туындауда. Адамның орнына машинаның жұмыс істеуі жұмыссыздық мәселесін туындатуы мүмкін.

Сонымен қатар жалған ақпарат тарату, адамның жеке деректерінің қауіпсіздігі, интернет алаяқтық сияқты мәселелер де артып келеді. Ақпаратты кім басқарса, сол сананы да билейді деген сөз бар. Егер жасанды интеллект бақылаусыз қалса, ол адамзат үшін үлкен сынаққа айналуы мүмкін.

Халық даналығы: «От – жақсы қызметші, бірақ жан қожа» дейді. Жасанды интеллект те дәл солай – дұрыс қолданылса, адамзаттың сенімді көмекшісі, ал бақылаусыз кетсе, қауіпті күшке айналуы ықтимал.

Сондықтан басты мәселе – технологияда емес, оны қолданатын адамда. Жасанды интеллект адамзатқа қызмет етуі керек, ал адам оған тәуелді болмауы тиіс. Ақыл мен жауапкершілік қатар жүргенде ғана бұл жаңалық игілікке айналады.

АЛМАТЫ – АЛАТАУ БАУРАЙЫНДАҒЫ АРУ ҚАЛА

«Жердің көркі – ел, елдің көркі – қала» дейді дана халқымыз. Сол қалалардың ішінде жүрекке ең жақыны, жанға жылуы – Алматы. Ол – асқақ Алатаудың баурайында бой түзеген, табиғаттың сұлулығы мен адам қолымен жасалған өркениет үйлесім тапқан ерекше шаһар.

Алматы – жай ғана қала емес, ол – қазақ руханиятының алтын бесігі. Талай ақын мен жазушының қаламына шабыт берген, талай ғалым мен өнерпаздың тағдырын түлеткен қасиетті мекен. Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Бейімбет Майлиннің ізі қалған, өнер мен білімнің ордасы болған қала – бүгін де сол биігінен түскен емес.

Қала көшелерін бойлай өскен теректер мен алма ағаштары, көктемде құлпырып, күзде алтын түске боялатын саябақтар Алматыға ерекше сән береді. Тау жақтан есетін самал желі адамға сергектік сыйлайды. Алатаудың ақ бас шыңдары алыстан менмұндалап, қаланы қорғандай құшақтап тұрғандай әсер қалдырады.

«Алматы – алма қаласы» деп бекер айтылмаған. Бұл өлкенің атауының өзі табиғатпен етене жақындығын аңғартады. Әлемге әйгілі апорт алмасы – осы жердің символы. Табиғат берген осы бір сый қала болмысының ажырамас бөлігіне айналған.

Алматы – мәдениет пен ғылымның орталығы. Мұнда жоғары оқу орындары, театрлар, музейлер, кітапханалар шоғырланған. Әр көшесінде тарихтың ізі, әр ғимаратында өткеннің сыры сақталған. Бұл қалада уақыт та, тағдыр да үндесіп жатқандай.

Дана халқымыз: «Туған жердің жуасы да тәтті» дейді. Ал Алматы – көптің жүрегіне туған жердей ыстық. Ол – арман қуған жастардың үмітін арқалаған, талай жанның тағдырын тоғыстырған мейірімді мекен.

Алматы – әсемдігімен ғана емес, рухымен де сұлу қала. Ол – өткен мен бүгінді жалғаған алтын көпір, болашаққа бастар бағыт.

Махтабай Ұлдана Бейсенбекқызы
Тұран университеті, Журналистика
факультетінің 4-курс студенті



Адамға
ЭН ҚЫЙЫНЫ -
КҮН САЙЫН
АДАМ БОЛУУ

«Әу бастағы жаратылысында бейкүнә бола тұра, ақша дегенің болмыстың аласапыраныңда аса қауіпті, оның тасасында дерт қоздырар дуа пен капиталдың қитұрқы қуаты жасырынып жатады; сонда-дағы, өркениетті өрістетуге септесу деңгейі, нарықтық қарымы жөнінен ақшаны алмастырардай айла-шарғы және жоқ. Өркениеттер келер де, кетер де, ал ақша қала бермекші».

«...Ақша дегеннің араны ғарышты жұтар»

крутимся, чтобы избежать во что бы то ни стало, вопреки всему, ответственности за вечно искажаемую жизнь, и находим тому массу оправданий, не отличая добра от зла и не боясь этого нисколько, лишь бы выкрутиться».

«Иә, жеті атасына тамыр жібермеген адам – жетесіз. Оны білмеген жерден бейәдеп қылық, арам істен жиіркенбеу басталады».

«Тегінді білмей, ұрпағыңа үйленсең, ұрпағың азады».

АЙТМАТОВТЫҢ АФОРИЗМДЕРІ

«Сенім деген тек қана көрпенделік сенім емес, ол – бұ дүниенің құндылықтарына деген сенім, ұлы құндылықтарға деген сенім. Сол құндылықтардың біреуі – өмір. Өмірдің қадірі – құндылығында».

«Адамдардың арман-қиялы да, үміті де өмір сүрген уақытына қарай өзгереді».

«Шындықты таптым деген адам жаңылады. Шындыққа ұмтылу, шаршамастан ұмтылу керек. Ұмтылу – шындыққа қарай апаратын жол. Шындық та осы жолдай, басы жоқ, аяғы жоқ».

«Жолдың бәрі шындыққа апармайды. Ол жол – қиын, машақаты көп. Бірақ тұрмыстағы, өмірдегі, тарихтағы негізгі шындық – жақсылыққа, гуманизмге ұмтылу. Адам өзінің тұрмысын шындыққа негіздеуі керек».

«Адам баласы ақыл-ойынан, шындықтан айырылып қалса, неге айналатынын «Ғасырдан да ұзақ күнде» жаздым. Бұған мәңгірттен артық мысал келтіре алмайсыз. Адам ақыл-есінен айырылғанда, өзінің туған анасын өлтіруден де тайынбайды».

«Ақыл-ойдан ажырап қалған мәңгірттер менің шығармамдағы кейіпкерлер болса, қазір шын адамдарға айналды. Осы әлемнің түкпір-түкпірінде жанкештілікке барып, адамдарға қарсы террор жүргізіп жатқандар мәңгірт емей не болғаны?»

«Тиран деген – қарғыс. Халықтың қаны арқылы өзінің билігін орнатқан, байлық жинаған, билікке де, байлыққа да тоймайды. Тирандар күллі әлем аяғыма жығылса деген оймен елдерді басып алып, өркениетті талқандаған. Өркениетті кері бұрған тирандар – адам танығысыз жыртқыштар. Билікті көз жасының мұхитынан, көл-көсір ағызған адам қанынан орнатқан. Олардың аты тарихта қалды, бірақ ол есімдер қарғыспен айтылады».

«Гений жаратушы. Олар адамзатқа жаңалық, жаңа күш, жаңа көркем дүние жасаған, пайғамбар тәрізді адамдар».

«Дін – ұлық. Оның ұлылығын жалпы адамзат дамуының призмасы көрсетті. Әлемде қаншама мемлекет талқандалып күлге айналды, қаншама өркениет жермен жексен болды. Уақыт, дәуір ауысты, ал дін болса адамның санасынан өшкен жоқ. Бұл – діннің ұлы қасиеті».

«Қазір әдебиет белгілі жобамен дамымай, сюжетпен жүрмей, адамның ақылына, сезіміне, түсінігіне, рухына әсер етудің басқа жолын таңдап алды. Қазіргі таңдағы әдебиет адамдарды ойландырады. Жазушы бұрынғы таныс сюжеттерден гөрі, күрделі ойларды көбірек келтіреді. Сонымен қатар оқырмандарды тазартуға, жаңа әлемнің сарқылмас мүмкіндіктерін ашуға бағыт-тайды».

«Махаббатсыз өмір жоқ. Махаббат сезімін айтып бітіре алмайсың, бітпейтін тақырып. Әлемдегі ұлы істердің барлығы махаббаттың құрметіне арналған. Әлем де, адам да сүюден жаралған, ал махаббат мәңгілік!»

«Өмірде барлық нәрсе өз тұрғыңнан дәлелдегенде ғана иланымды».

«Шындық атаулы да кешіріңіз, айналып келгенде, өз өреңе, өз өлшеміңе бай-ланысты».

«Бостандық бар, бірақ оны тұтастай сіңіруіміз тіпті қиынға соғып жатыр. Бостандыққа да ие керек екен-дағы!»

дай жұтынып тұрғанда, адам болмысы әрқашан алдамшы, нәркүмән. Себебі әлгіндей ақшамен ешқандай алып айдаһарың да, идеологияң да теңесе алмақ емес».

«Тарихтың өкпекті өткелдерінде өзгеше қысталаң-қиналыстарға тап болатын да, соқтықпалы-соқпақты соққыларға көбірек ұшырайтын да мәдениет тағдыры, оның өрісті өркендері».

«Әрбір мәдениеттің күн астындағы, жер үстіндегі өз орнын, өз сахнасына өз жолымен шығуды, өзінің шығармашылық өрістерін талап етері сөзсіз. Сөйте тұра олардың ешқайсысы тек өзімен-өзі бола алмайды. Кез келген мәдениеттің басқа мәдениеттермен қол ұстасып, қосыла қимылдап, бірін-бірі байыта түскенде ғана толыққанды дамидынын, осыдан барып жалпыадамзаттық мәдениет құралатынын тарихи тәжірибе дәлелдеп келеді».

«Сондықтан да ұлттық мәдениеттер бұқаралық мәдениеттен сақтана отырып, төлтума қасиеттерінен айырылып қалмау үшін өздерін-өздері сақтауға, өздерін-өздері қорғауға толық құқылы».

«...Дін біздің күнәһар болмысымыздың деңгейінен биікке көтеріле алмай, саясатқа араласты ма, бітті. Иә, бейкүнә саяси идеология болмақ емес, ондай альянстан аярлық күте бергін».

«...Дін әлдебіреумен, әлденемен тікелей күреске шақырмауға тиіс. Бұдан да биіктей түссек, діннің жаулары (осы сөздің кәдуілгі мағынасында), иә, өз жақтастарының жағында ғана жүріп, саяси шайқастарға түсетін жаулары болмауы керек. Дін халықтың бір бөлігін екінші бөлігіне айдап салатын құрал мен қаруға ешқашан айналмауы қажет».

«...Қазіргі діндерге пенделік пиғылдардан биік, бейкүнә болмақ әлеуеті, аса жоғары моральдың, адамгершіліктің, имандылықтың, ізгіліктің (Құдайды сүю арқылы адамдарды сүю, себебі Құдайды сүю дегенің – ол Жаратқанды – адамды, адамзатты сүю мағынасындағы) үрдісті үлгісі болу жақтары жетіспейді».

«...Дін ретіндегі діннің де, мәдениет ретіндегі мәдениеттің де маңдайларына рухани «локомотив» болу парызы о бастан жазылып қойылған. Адамдық жаратылыстың табиғатына құлау, сүріну, құлдырау, шарықтау арқылы, дәуірлердің қайта өрлеуі арқылы, күнәлар мен өкініш опыныстар арқылы кемелдіктің биіктіктеріне талпыныс тән».

«Тыныштықты, тұрақтылықты сақтау әр адамның жүрегінде бүлкілдеп жанып тұруы керек».

«Бізге қазір елді біріктіріп, алдағы нәрселерді шешетін, оған елді жұмылдыра түсетін идеология керек».

«Адамзат кім? Неге жаралған? Жер бетінде не істеп жүр? Бұл – еш таусылмас мәселелер. Әлем шексіздігінің бір баяны – адам рухы».

«Бог дал начало благословенной жизни. А дальше все решаем мы сами, люди, имеющие сохранить, или напротив уничтожить завязь».

«Массы – это стадность, стихия, или как ты выразилась, копыта, но это и оплот общественной жизни».

«К сожалению, мало кто желает понять, что все беды происходят оттого, что мы, люди, разумные существа, только и

«Тарихи жадымен санаспау, мәңгірттік боп шығады», «...Өткенінді ұмытсаң, аруақтардың азасына, бүгінгімен өмір сүрсең, болашақтың табасына қаласың».

«Текті халық әлемдік ортақ рухани мәдениетке сүйене отырып, осы таразының екі басын да тең ұстар парасат табады».

«Ұлттық мәдениетті жалпы адамзаттық өркениеттен нәр алдыру, соған қанаттас ету күн тәртібінен бір сәт те түспеуі тиіс».

«...Дін – мәдениет үшін адам рухын жетілдіру жолын іздестіруде оның алдына жарық түсіріп отыратын прожектор деген болар едім».

«Ел басшысы өз елінің ата-салтын, дәстүрі мен ибасын шын ділімен құрметтеу арқылы ғана үлкен кемеңгерлік биікке көтеріледі».

«Жақсы ма, жаман ба, әділетсіз бе, әр елдің меншікті тарихы бар. Сондықтан оның жақсысын асырып, жаманын жасыру немесе түрлі косметикалық бояудан, жамаудан өткізуге тырысу – адамзат қоғамы алдындағы кешірімсіз күнә. Өйткені әр ұрпақ өз ата тарихын өзге елдердің даму, шарықтау, құлдылау кезеңдерімен немесе оған себеп болған сан қилы оқиғалармен салыстыра отырып, ертеңгі бағытын түзеуге мүмкіндік алады».

«Бірақ қайткен күнде де, әркім әрісі адамзат баласының, олар өмір кешкен қоғамның, даму, өркендеу, шегіну құбылыстарын, берісі өз ұлтының кешегісі мен бүгінгісін, ататегін белгілі дәрежеде білуі һәм қастер тұтуы шарт».

«Халықты өз тарихынан зорлап ажыратып не ата, не әке тәрбиесін көрмеген баладай етудің соңында қандай астарлы саясат жатқанын жақсы білеміз».

«Үстемдік атаулы озбырлықпен, қантөгіспен келсе, баянды болмайтынын өмірдің өзі көрсетті».

«Зерделеп қарайтын болсақ, діні, ділі, тілі тұтас, бірегей елді замана желі шайқалтуы қиын».

«Дін жаратылғаннан бері адамзаттың тәрбиеші құралына айналып келеді».

«Шын ғашықтар қосылмайды деген бар ғой. Бәлкім, сол дұрыс та шығар. Өйткені үйленгеннен кейінгі тірліктің күйбеңі ұлы сезімдерді жеп қояды».

«...Сырттай өзі сүйген адамға тілекші боп қалу – үлкен адамгершіліктің ғана қолынан келері іс».

«Өзіңе ойы, рухы, мінез-сана табиғаты, жан кеңістігі сай адам табудан артық бақыт жоқ екен...»

«Ал сүйгеніне адал болып қалу да – кез келген адамның қолынан келе бермес асыл қасиеттің бірі».

«Шындап сүйе білу – қашанда талант».

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Болыс Сәбитбек, Бельгиядағы қазақ ғалымы:

ҒЫЛЫМ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ДАМУЫ КЕРЕК

АРҚАЛЫҚТАН ШЫҚҚАН ЖАС ҒАЛЫМ, МАТЕМАТИК БОЛЫС СӘБИТБЕК БҮГІНДЕ БЕЛЬГИЯНЫҢ ГЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ГЕНТ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУМЕН АЙНАЛЫСЫП ЖҮР. БҰҒАН ДЕЙІН ОЛ БІРНеше ЖЫЛ БОЙЫ ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ОРТАДА ЕҢБЕК ЕТІП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҚТАҒАН. PhD ДӘРЕЖЕСІН ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАБЫРҒАСЫНДА ҚОРҒАҒАН ЖАС ЗЕРТТЕУШІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР САЛАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТЕДІ. БІЗ ЖАС ҒАЛЫММЕН ҒЫЛЫМ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ АХУАЛ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.



– Болыс мырза, шетелге шығуыңызға не себеп болды?

– Ғылымға келуім бір жағынан кездейсоқтық, екінші жағынан заңдылық деп айтар едім. Университетте оқып жүрген кезде шетелдік ғылыми жетекшімен байланыс орнады. Кейіннен сол кісіден нақты шақырту алдым. Осылайша халықаралық ғылыми ортаға қадам бастым. Уақыт өте келе басқа профессорлардың да назарына ілігіп, ғылыми қызметке орналастым. Жалпы ғылымда сіздің еңбегіңізді байқап, бағалайтын орта болса, мүмкіндік біртіндеп ашыла береді.

– Сіздің негізгі зерттеу бағытыңыз – дифференциалдық теңдеулер. Оны қарапайым тілмен түсіндіріп берсеңіз.

– Дифференциалдық теңдеу – табиғаттағы кез келген қозғалысты, өзгерісті сипаттайтын математикалық құрал. Мысалы, мектепте біз жылдамдық, үдеу сияқты ұғымдарды өттік. Бұл – сол үлкен ғылымның бастапқы ғана бөлігі.

Мен негізінен толқын теңдеулерімен айналысамын. Мысалы, суға тас тастасаңыз, толқын пайда болады. Сол толқынның қозғалысы синус пен косинус функциялары арқылы сипатталады. Бірақ толқын тек суда ғана емес – ол барлық жерде бар. Біздің сөйлеуіміз де дыбыс толқыны арқылы таралады. Жарық – ол да толқын. Тіпті кванттық физикада әлемнің өзі толқын арқылы сипатталады. Осы құбылыстарды түсіну үшін математикалық модельдер қажет. Мысалы, жылу өткізгіштік теңдеулері, толқын теңдеулері – мұның барлығы физикалық үдерісті сипаттайды. Өз

зерттеуімде толқындардың таралуын, шағылуын, өзгеруін және кері қайту механизмдерін қарастырамын.

– Қазақстанда бұл саланың даму деңгейі қандай?

– Қазақстанда дифференциалдық теңдеулер жақсы дамып келеді. Бұл бағытта белгілі ғалымдар бар, соның ішінде академик Тынысбек Шәріпұлы Қалменов деген маманның үлкен үлесі бар. Алайда мәселе – математиканың басқа саласында кенже қалып отырғанымызда. Мысалы, статистика, ықтималдық теориясы, геометрия бағытында мамандар аз. Ал алгебра саласында академик Асқар Жұмаділдаев ағамыз бар.

Тағы бір мәселе – буындар арасындағы алшақтық. Бізде аға буын мен жас буынның арасында 20-30 жылдық үзіліс бар. Бұл – ғылымның табиғи дамуына кері әсер ететін фактор.

– Ғылым мен бизнес арасындағы байланыс бар ма?

– Дамыған елдерде ғылым мен бизнес бір-бірінен бөлек емес. Керісінше, олар бір жүйенің бөлігі. Егер бизнеске ғылым қажет болса, ғылым автоматты түрде дамиды. Қазақстандағы кең қолданысқа ирі компаниялар өзінің ғылыми зерттеу лабораторияларын ашса, бұл үлкен серпіліс болар еді.

Ғылым тек грантпен өмір сүрмеуі керек. Ол экономикамен байланысуы қажет.

– Жалпы Қазақстандағы ғылымға көңіліңіз тола ма?

– Біріншіден, бізде ғалымдардың «критикалық массасы» жетіспейді. Яғни бір бағытты жүйелі түрде дамытатын жеткілікті ғылыми қауым жоқ. Екіншіден, қаржыландыру мәселесі бар. Мысалы, Google, Meta, Tesla сияқты алып компаниялар ғылымға орасан қаржы бөледі. Бұл деңгеймен тек Қытай ғана бәсеке-

лесе алады. Қытай ғылымға ЖІӨ-нің шамамен 8 пайызын бөлуді жоспарлап отыр. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш шамамен 0,16% ғана.

Ғылымды дамыту үшін тек идея емес, ресурс та қажет. Ғалым – ол да адам. Егер бизнес арқылы әлдеқайда көп табыс табуға мүмкіндік болса, көп адам ғылымға бармайды. Сондықтан ғылымды қолдау жүйесі мықты болуы керек.

– Жасанды интеллект туралы пікіріңіз қандай?

– Қазіргі жасанды интеллектті толыққанды «интеллект» деп айтуға әлі ерте. Оның жұмыс істеу ұстанымы – ықтималдыққа негізделген. Яғни әр сөзге белгілі бір математикалық координата беріледі де, келесі сөздің шығу ықтималдығы есептеледі. Мысалы, сіз ChatGPT жүйесіне сұрақ қоясыз. Ол нақты «ойланып» жауап бермейді, тек ықтималдығы жоғары жауапты таңдайды. Сондықтан оның жауабы әрдайым 99,9% дәл болады деп айту қиын.

Тағы бір маңызды мәселе – ЖИ кейде неге қате ақпарат беретінін біз толық түсініп болмағанымызда. Адамда көру, есту, оқу, ойлау сияқты бірнеше қабілет бар. Ал қазіргі ЖИ негізінен тек мәтінмен жұмыс істейді. Дегенмен қазір компьютерлік көру (computer vision) бағытында үлкен зерттеу жүргізіліп жатыр. Болашақта бұл технологиялар дамыса, көп нәрсе өзгеруі мүмкін.

– Қазақ тілінің ғылымдағы орны туралы айтсаңыз?

– Математика – тілге тәуелді ғылым емес. Себебі оның тілі – формула. Бірақ ғылыми мақалалардың бәрі дерлік ағылшын тілінде жазылады. Бұл – халықаралық стандарт. Қазақ тілінде ғылымды дамыту үшін алдымен ғылыми орта, яғни жеткілікті «критикалық масса» қажет. Қазіргі таңда университет оқытушыларының жүктемесі көп – апта-

сына 20-30 сағатқа дейін сабақ береді. Мұндай жағдайда ғылыммен терең айналысуға уақыт пен энергия жетіспейді. Дегенмен гуманитарлық салада тарих, филология міндетті түрде қазақ тілінде дамуы керек.

– Табиғаттағы барлық құбылысты математикалық модельдеуге бола ма?

– Техникалық тұрғыдан – иә, көп нәрсені модельдеуге болады. Бірақ философиялық тұрғыдан алғанда, бәрін толық сипаттау мүмкін емес. Себебі кейбір құбылысты тек формуламен түсіндіру жеткіліксіз болады.

– Докторлық диссертацияңыз туралы айтып өтсеңіз.

– Өз жұмысымда Харди теңсіздіктерін зерттеп, осы бағыттағы кейбір ашық сұраққа жауап беруге тырыстым. Бұл теңдеумен қазақстандық ғалымдар да белсенді айналысады. Зерттеу барысында белгілі бір жаңа нәтижеге қол жеткіздік.

– Қазақстан осы салада әлемдік деңгейге шыға ала ма?

– Әрине, мүмкіндік бар. Бірақ ол үшін ұзақ мерзімді стратегия қажет. Ең бастысы – ғылыми мектеп қалыптастыру. Талант барлық жерде бар, тек оны дұрыс бағыттап, қолдау керек.

– Жастарға айтар кеңесіңіз қандай? Математика – қабілет пе, әлде еңбек пе?

– Екеуі де маңызды. Қабілетсіз болмайды, бірақ еңбексіз ештеңе шықпайды.

Қазіргі заманда тек бағдарламалауды білу жеткіліксіз. Заңдылықтарды түсіну қажет. Ал бұл үшін математика мен физиканы меңгеру керек. Сонымен қатар пәнаралық бағыттар, математика мен биология, математика мен экономика болашақта маңызды болады.

– Жасанды интеллект ғылыми жаңалыққа жол аша ала ма?

– Қазіргі деңгейінде ЖИ жаңа ғылыми жаңалық ашып жатқан жоқ. Бірақ ол зерттеу үдерісін айтарлықтай жылдамдатады. Мысалы, ақпарат іздеу, мақалаларды тексеру сияқты жұмыстарды жеңілдетеді. Яғни ол – көмекші құрал. Ал шынайы жаңалық ашу үшін адам интеллектісі қажет.

**Әңгімелескен
Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ҚАЗАҚСТАН БОЛАШАҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ


Қазақстан жаңа технологиялық дәуірге белсенді қадам бастады. Ел үкіметі жасанды интеллект (AI) саласын дамытуға арналған 5 жылдық стратегияны жариялап, елдің экономикасын цифрлық трансформацияға бағыттады. Бұл жоспар тек технологиялық жаңалықтарды енгізумен шектелмей, білім, денсаулық сақтау, ауылшаруашылық және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды қамтиды.

Білім мен ғылымға инвестиция

Жаңа стратегия бойынша жасанды интеллект білім беру саласында оқушылар мен студенттерге интеллектуалды оқыту жүйелерін ұсынуды көздейді. Бұл оқу процесін жеке қабілеттерге бейімдеп, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу институттары мен университеттер AI жобаларын дамыту арқылы зерттеушілер мен жас таланттарды қолдауға алады.

Денсаулық сақтау мен ауылшаруашылықтағы инновация

Денсаулық сақтау саласында AI диагностика мен емдеу процесін автоматтандыруға, ауруларды ерте анықтауға көмектеседі. Ал



ауылшаруашылықта жасанды интеллект егіс алқаптарын тиімді басқаруға, өнімділікті арттыруға және ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл – еліміздің экономикалық әртараптандыру стратегиясының маңызды бөлігі.

Мемлекеттік қызмет пен цифрлық трансформация

AI мемлекеттік қызметті тиімді етуге, құжат айналымын жеңілдетуге және халыққа қызмет көрсетуді жылдамдатуға бағытталған. Цифрлық платформалар арқылы азаматтар қызметті онлайн алу, деректерді талдау және шешім қабылдау процесін жеңілдету мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан үшін жасанды интеллект – бұл тек технологиялық даму емес, елдің болашағына жасалған стратегиялық инвестиция. Бұл стратегия экономика мен қоғамды цифрлық дәуірге бейімдеуді, жаңа технологиялық инфрақұрылым құруды және жастарға инновациялық мүмкіндіктер ашуды көздейді.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, «Технологияны игерген ел – болашағын басқарады». Қазақстан осы қағиданы басшылыққа ала отырып, AI арқылы энергетикадан технологияға өту жолында сенімді қадам жасап отыр.

**Махтабай Ұлдана Бейсенбекқызы
Тұран университеті, Журналистика факультетінің
4-курс студенті**




ул Полежаева 92а/4
+7 7788737927



PIZZA N PIZZA

ГОТОВИМ ЗА 10 МИНУТ

ДОСТАВКА



ул. Аскарова, 2/1 | Ремизовка, Байшешек, 2/1 | ул. Оспанова, 59
+7 776 606 2373 | +7 705 422 0999 | +7 701 034 2002

D&M

LUXURY PARFUMÉ

ОРИГИНАЛ ПАРФЮМДЕР | ЖОҒАРЫ САПА ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА



Жаңа буын хош иістері
Yeni nesil kokular



ӘЛЕМГЕ ТАНЫМАЛ БРЕНДТЕР | Дүnyaca ünlü markalar

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ПАРФЮМДЕР | Kadın & erkek parfümleri

ҰЗАҚ УАҚЫТҚА ДЕЙІН САҚТАЛАТЫН ИІСТЕР | Uzun süre kalıcı kokular

Ашылу салтанатына орай жеңілдіктер
Açılışa özel indirimler!

МЕКЕН-ЖАЙЫ: Жамбыл көшесі, 182 Алматы қаласы
ADRES: Jambıl köşesi, 182 Almatı şehri

БАЙЛАНЫС: +90 537 731 10 02 +7 775 143 55 81
İLETİŞİM: +90 537 731 10 02 +7 775 143 55 81

D & M PARFUM




+7(707) 766 57 19

cafe33.almaty

г.Алматы, Абылай Хана 68



Тасыр жасасатан ҚАРИЯ

БІЗ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АҚСУАТ АУДАНЫНЫҢ ТУМАСЫ БІТІМБАЕВ ЫРЫСБЕК АМАНҰЛЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ҒҰМЫРЫ МЕН 100 ЖАСҚА КЕЛУ ҚҰПИЯСЫ ТУРАЛЫ СЫР ШЕРТЕРМІЗ», – ДЕГЕН НИЕТПЕН ОНЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ҚАРАСУ ЫҚШАМАУДАНЫДАҒЫ ШАҒЫРАҒЫНА БАС СҰҚТЫҚ. ЫРЫСБЕК АТА ЖАСЫМ 100-ГЕ КЕЛДІ-АУ ДЕП ТҰРҒАН ЖОҚ, БІРЕСЕ ҚОЛЫНА АЙЫРЫН ҰСТАП, ҚОРАДАҒЫ ЕШКІСІНЕ ЖЕМ-ШӨБІН БЕРІП, БІРЕСЕ КҮРЕГІН КӨТЕРІП, АУЛАДАҒЫ ҚАРДЫ ТАЗАЛАП, ӘЛЕК БОЛЫП ЖАТЫР ЕКЕН. ӘЛІ ТЫҢ СӨЗДЕРІ НЫҚ, БІЗДІ ЖАДЫРАП ҚАРСЫ АЛДЫ. ӘРИНЕ, МҮНДАЙ КӨРІНІСТІ КҮТПЕГЕН ЕДІК. АУЫЗҒА СӨЗ ТҮСПЕЙ, АБДЫРАП ТҰРЫП ҚАЛЫППЫЗ. АҚЫРЫ «КҮРЕКТІ БЕРІҢІЗ ДЕ, БЕРІҢІЗГЕ» САЛЫП, БІРЛЕСІП ҚАР КҮРЕСКЕН СОҢ КЕЛІНІ ГҰЛМИРА АПАЙЫМЫЗ ҚАЗАН КӨТЕРІП ЖАТҚАН ШАҚТА АТАМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУГЕ ОТЫРДЫҚ. ЫРЫСБЕК АТА 1926 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАРДА ДҰНИЕГЕ КЕЛІП, ЕЛДІ АШТЫҚ ЖАЙЛАП, ҮКІМЕТ БАР МАЛ-МҮЛІКТІ ТАРТЫП АЛЫП ЖАТҚАН КЕЗЕҢ, 5-6 ЖАСЫНДА, АТА-АНАСЫ ЖӘНЕ ӘПКЕСІМЕН ҚЫТАЙҒА ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛАЙ АЯҢДАҒАН КӨРІНЕДІ.



«Есімді еміс-еміс білетін шағым. Әлі ойын баласымын. Қолымызда бары бір ғана тоқал ешкі. Қытайға қарай 15 күн жаяу жүрдік пе, әлде 20 күн бе, нақты есімде жоқ. Әйтеуір жолы бітпестей көрінген. Аштықтан әбден арып-ашыған, сүйегім зорға сүйреп жүрген әкем біресе мені қолға көтереді, біресе тоқал ешкімізді сүйрейді. Содан әбден титықтап, әліміз құрығанда жол бойында әлгі ешкіні сойып жеп, азық еттік», – деп әңгіменің тиегін ағытып бастады ақсақал.

Зобалаң жылдардағы қиянпұрыс нәубетті көзі көріп, жадында сақтағаны сондай күні кеше ғана болғандай етіп баяндады. Осылайша Қытай қазақтарының тұрғылықты жеріне табан тіреген Ырысбек атаның отбасы жан бағу үшін үкіметке, қала берді жергілікті бай-бағландарына қызмет қылған. 14 жасынан бастап, байлардың малын бағып, ол аздай егістікті қол орақпен орап, шаруашылықпен айналысқан. Бақташылықты, егінді бозбалалық шағында-ақ бір кісідей меңгерген. Қай дәнді-дақылды қай кезде егу керек, қай өсімдікті қалай өсіру керек, оны да тайға таңба басқандай етіп, баяндап берді.

«Қазіргі егіншілік, жеміс-жидек ісіне көңілім толмайды. Көкөніс өсіру үшін Қытайдан дәрі алып келеміз. Жеп отырғанымыздың бәрі у. Неге жеміс-жидекті дұрыс техникамен өсіруді ойла-

маймыз, денсаулықты құртып болды ғой», – деп әңгіме арасында атамыз ренішін де білдірді.

Ең өкініштісі, 1945 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін тіршілік қамыты жас Ырысбектің мойнына ілінген. Тіпті шаруашылыққа бой үйренгені соншалық, Қытайда жүріп, 4 жыл бойы мал дәрігері қызметін де атқарған. Малды тудырып алу, егу, емдеу жұмыстары бойынша 1-2 айлық оқуға барып, үйреніп те келген. Үйленген, балалы болған. Жағдай енді түзеліп келе жатқанда елге оралуға мүмкіндік туып, шекара ашылған. Әрине, кейбіреуі өкемнің бейіті қалған жер, жағдай да түзеліп қалды деген сылтаумен Қытайда қалып қалар еді. Бірақ атажұрт, қазақы топыраққа аңсары ауған атамыз «Отаныма барып, ошағымды маздатамын» деп тартып тұрған көрінеді. Елге келгенде дайын күй қайдан болсын. Кеңес үкіметі арғы беттен келген қазақтарды жан-жаққа бөліп, атамызды бұрынғы Талдықорған облысы Алакөл ауданының Еңбекші қой совхозына жібереді. Қайтадан мал шаруашылығын кәсіп қылып, 28 жыл бойы совхоздың малын бағады. Ырысбек

қан Ырысбек атаның ата-анасы ұлдарына төрт сыныптық білім ғана бере алған. Бірақ атаның мәтелдеткен сөзіне, наркескен тіліне қарап олай ойламайсың. 100 жасқа жетіп, ұзақ жасау себебін сұрағанда оны кітап оқумен байланыстырды. Расында, статистикалық зерттеулерге назар аударсақ, есін білмей, ұмытшақтық ауруына шалдығушылардың басым көпшілігі «кітаппен дос болмағанын» мойындайды. Ал Ырысбек атаның мал мен егіннің соңында жүрсе де хат таныған шағынан бастап, қолынан кітап түспеген. Абай, Шәкәрім, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін жатқа білетін болған. Ғылыми зерттеулерді жаны сүйіп оқыған. «Газет-журналдарға әлі күнге дейін жиі үңілемін, бірақ кейінгі кезде көзім көрмейтін болып барады», – дейді қария.

Ал ұзақ ғұмыр сүруінің үшінші себебі – ешкінің сүті. 28 жыл колхоз-совхоздың қойын бағып, зейнетке шыққан соң үйдің малын өсіріп, күн өмір бойы ешкінің сүтін азық еткен.

«Кезінде қазіргідей қосымша тамақ болмағанда жаңа туған нәрестеге ешкінің сүтін беретін болған. Оның құрамын зерттеп қарасақ, ана сүтімен бірдей, дәрумендерге бай, әрі асқазанға ауырлық туғызбайды. Тіпті бір байқағаным, көздің жақсы көруіне де пайдасы көп. Сиыр сүтіне қарағанда ешкі сүтінің дәрумені ағзаға сіңімді келеді. Иммуитет көтереді, тіпті көк жөтелге де ем», – деп мақтай жөнелді. 100-ге келсе де тістерінің де түсіп қалмай, сақталуын өмір бойы тұзбен шайқағаннан деп түсіндірді.

Төртінші себебін сұрағанда, ұзақ та терең ойлана келе жан мен сананы таза ұстау керек деген тоқтамға келді. «Мен бала-шағама, немерелеріме күнделікті ешкіммен дауласпаңдар, жауласпаңдар, жүректі сақтаңдар. Болмашыға бас қатырып, жан ауыртпаңдар. Мүмкін болса, маңайдағы адамдарға жақсылық жасай беріңдер, мейірімді болыңдар деп өсиет айтып келемін. Жанын мөлдіретіп ұстай алған адамдарды жақсы көремін. Өзім де осы ұстанымдамын», – деп жауап берді.

Ырысбек ата – көмескіленген құндылықтардың тірі куәсі. Қарияның әр қимылынан еңбекке тағзым, әр сөзінен парасат аңғарылады.

Біз кетерде ата ауласына тағы бір көз тастап тұрды. Қақпаның алдында жайқалып тұрған талдар, қорадағы ешкі, қар астындағы қара жердің өзі де осы шаңырақтың тынысын, осы үйдің берекесін сездіргендей. «Мы–нау – менің байлығым, – деді ата, айналасына көз жүгіртіп. – Жердің иісі, малдың тынысы, адамның амандығы. Осы үшеуі болса, қалғанының бәрі табылады». Бұл – бір ғасыр ғұмырдың сүзгісінен өткен, өмірдің өзінен алынған тәмсіл.

Ал әңгіменің ең ауыры – атаның Қытайда қалып қойған әпкесі туралы сөз болғанда басталды. Ол кезде қарияның дауысы баяулап, жанары алыста қалған жылдарға, қайтып оралмас шақтарға барғандай. Аштықтан қашып, босып өткен сол бір жолда бірге жүріп, бірге тоңып, бірге жылаған әпкесі тағдырдың тар соқпағында арғы бетке қалып қойған екен. Шекара жабылып, уақыт тас қабырғадай қатағанда, бауырлардың арасын тек сағыныш пен естелік жалғап қалған. Хат та жетпеді, хабар да үзілді. Бір анадан туған екі жүрек екі елдің екі қиырында мәңгілікке ажырапты.

Жылдар өтті. Заман өзгерді. Бірақ ата жүрегіндегі әпке бейнесі өшкен жоқ. Сол бір сағыныштың жалғасы болып, бір күні бейтаныс әйел есіктен кіріп келді. Қытайда қалған әпкесінің қызы – өз тегін, өз тамырын, өз жұртын іздеп, қазақ топырағына табан тіреген екен. Әпкесі баяғыда-ақ өмірден өтіпті. «Әпкемді көрмесем де, оның көзін көрдім», – деп шүкіршілік етумен болды.

Ырысбек атаның ғұмыры – тек еңбек пен табандылықтың ғана емес, сағыныш пен сабырдың, жоғалтқанын жүректе сақтап, тап-қанын тәубемен қабылдай білудің де ғұмыры екен. Ол – бір әулеттің ғана емес, бір халықтың тағдырына айналған тұлға. Аштықты көрген, шекараны кешкен, Отанға оралған, еңбегімен еңсесін тік ұстаған 6 бала, 11 немере, 17 шөбере, 2 шөпшегіне жол көрсеткен ғасыр куәгері.

Біз қоштасарда ата тағы да күрегіне сүйе-ніп ұзаққа көз тастады. Қарияның сол сәттегі бейнесі көз алдымызда мәңгілікке қалып қойғандай.

Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ



Қоңыр әуен

Сағындым алма бағын
Арайлы Алматымды..
Сағындым аққу үнді
Сағындым ақ гүлімді
Алматым сыйладың сен
Шабьттты шаттығымды»

Ғашық жанның алыста жүрген арман қызға арнауы. Тыныштығын талқан етіп, түн ұйқысын ұрлаған Алматының өзі емес, оның аппақ қызына арналған әсем әуені...

Мейрамбек бұл әнді жалғыз емес, «Музартпен» айтады... Қасындағы Кенжебек пен Сәкен серіктесі секілді...

Бір заманда дәл осындай әнді бүкіл Кеңес елі түгел айтқан. Ол Соловьев Седойдың әні "Подмосковные вечера" болатын. Бұл әуенде ерекше... Түңгі кеште бақ ішінде қол ұстасқан үлкен шаһар Мәскеудегі ғашық жандардың әуезі, әні... Тура солай... Бір мәтінде Москва бір әуенде Алматы...

Талай-талай ғашықтардың әсіресе арулардың бойындағы ұяндық, ұялшақтық, үркектік, тазалық, тәрбиелік жоғалмаған жақсы кезде туған ән...

Мейрамбек триода айтса да жоғалмайды... керісінше ерек... Тыңдарман сол үшін де сүйіктісін күтеді, іздейді... асығады.. алып ұшады... Мейрамбек бала кезінен үлкен-үлкен тұлғаларды көріп қалды. Тұлпар болар құлыншақ сәйгүлікпен бір жүрер... Мейрамбек Нұрғиса көкесін көрді... Батасын алды... Қазақтың дүлдүл ақын талантты әншілерімен аралас құралас болды... Шамасы келгенше ағаларына қамқор боп қастарынан табылды.

«Көк шыққанға бір қуанып,
Шөп шыққанға бір қуанып.
Өмір өтті ау зырғып ағып,
зырғып ағып...

Сарғалдаққа бір қуанып,
Қызғалдаққа бір қуанып,
Өмір өтті ау зырғып ағып...»

Талантты ақын өмірдің қызығы мен шыжығын қатар татқан Есенқұл Жақыпбектің өлеңі... Адам - ғұмыр уақыттың келте екенін мойындаған, бас иген шарасыздан шарқ ұрып маңайынан қарманатын тал таппаған ақынның күйзелісі, көңілі... көңіл күйі... мазасы мен азасы... Өмірдің мәні мен мағынасын іздеген Қорқыт баба іспетті мұңады...

Мейрамбектің дауысы, үні, толғауы, толқуы, тебіреніс толғауы әр пендеге ой салады. Мына қысқа ғұмырда жылтыраған зат емес... дорбалаған ақша емес... Адам үшін ең керегі Сыйластық пен Махаббат екенін емеурінмен меңзейді... Бұл әуенде Сағыныш бар... Алаңсыз өткен кеткен жастығына деген ностальгия жатыр... Пер Гюнттің Сольвейг салған сазындай әуез бар. Мейрамбек әр тыңдарманның қасына кеп құшақтап бауырына басқандай үнсіз-түнсіз мелшиіп мына әуез бітпейінше қозғалғын келмейді... Жо-жоқ... Керісінше бұл әуен бітпесе дейсің. Қоңыр әуен сазына батып ояңғын жоқ... Құлды сонау сәби шақтан аңаң салған жай ғана бесік жыры іспетті. Сондықтан да Мейрамбекті Елі жақсы көреді, сыйлайды, төбесіне көтереді.

«Көк аспаннан бара жатыр,
Өмірімнің жұлдызы ағып.
Жетем деген арманы жоқ,
Бара жатыр жұлдыз ағып...»

Жо-жоқ... бұл Пессимизм емес... керісінше философиялық Оптимизм. Сол үшінде мына қысқа ғұмырда адам үшін маңыздысы керегі - маңайыңа Нұр шашу, Жақсылық жасау...танитын танымайтын .. ойда жоқта жолыққан тіпті жапандағы кездескен жалғыз жанды қуанту, құшақтау, бауырыңа басу... Адам үшін одан басқа не керек?!

Мейрамбек отыз жыл бойы осылай ән салып жүр.. Бүгінде не көп жұлдыз көп... Кеудесіне нан піскен де көздеріне шаң түскен де жетерлік... Ал Мейрамбек өзгеше... Басқаларға ұқсамайды...

«Дуние қызыл жасылды,
Сан ұрпақ саған бас ұрды.
Толқын да толқын қазақтың,
Топырақ бетін жасырды.
Өткізіп қилы ғасырды,
Ырысың жатқа шашылды.
Тау менен тасқа соқтым мен,
Халқым деп ғазиз басымды...»

Бұл қазақтың дүл дүл ақыны Қасымхан Бегіман...Іші толы толғау мен жыр...Дәл кешегі Ақтамберді, Шалкиіз, Қожаберген, Жиёмбет, Досмамбет, Бұхар жыраудың жаңғырығы емес пе? Ұрпағына өлеңнен шашу шашып ,болашаққа сәлем айтқан Дүлдүлдердің бізге қалдырған шайыры осы екен ау... Біздің Қасымхан да жырауларға жыр қосқан... Ол енді басқа әңгіме..

Кейде маған Мейрамбек аңыздағы абызды еске түсіреді...Жақсы көрген жамағатын ,сүйікті тыңдарманын айқайламай, бақырмай-шақырмай қоңыр әуен көңіл әуезімен ұйықтатып емес - оятып жатқан іспетті. Абыздық жасқа емес дарынға тән екенін еске тағы түсірген...

Бала кездегі бір көрініс жадымда қалыпты. Алатаудың бауырында атақты Асы жайлауы бар. Жазда сонда малшылардың тойы өтеді...Бәйге мен көкпар болады.. Киіз үйлер көбейіп қызық күндер Асыға түнейді... Маңайдағы ел жұрт сонда асығады...

..Әкем екеуіміз бір үйге тоқтағанбыз. Түнде кеш жаттық. Таңертең тыңқылдаған домбыра үні оятқан. Далаға шықсам үйдегі ата екен. Керегеге арқасын тіреп жай ғана ыңылдап отыр. Қоңыр дауысымен ұйықтап жатқан немересін оятқаны екен. Домбырасы болмаса да талай әжелермен аталардың ертегі айтып, кішкентайын ұйықтатқанын көргенім бар. Алайда немересін әнмен оятқан абызды көріп таң қалғаным тағы рас...

Таң сібірлеп атқанда шаңырақтан түскен сәуле маңайына жарық төгеді... Үй іші нұрланып жаның бір рахатқа бөленіп жата бергің келеді.. Қандай ғанибет...

Міне тағы қоңыр әуен маңайға маңып ақ сәулеге ұласқан..Қазақы ән... Мейрамбектің дауысы.. ұлттық әуез..

Қоңыр үн.. қоңыр әуен...

Талғат ТЕМЕНОВ

«Құлақтан кіріп бойды алар
Әсем әнмен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй...»

Мен жаныммен, жүрегіммен ұнататын Абайдың өлеңін тағы еске түсіргенім бекер емес. Осындағы «Көңілге түрлі ой салар» өлең жолында үлкен құпия, ашылмаған сыр жатыр. Әлемге әйгілі математик Давид Гильберттің шешілмеген сұрақтары сияқты, көңілдегі ой әр пенденің өз құпиясы, сыры, сыр-сандығы. Сондықтан да "Әр кәллада бір қиял" деген мәтел бар екені тағы рас... Мен де көп кәлләнің бірімін. Қиял деген біздің ауылда да жетіп артылады.

Мейрамбектің әнін жұмыс істеп отырғанда, жол жүргенде, қолым босағанда да, жаяу жүріп қыдырғанда да, машинада да тыңдай беремін. Және оны тыңдаудан жалыққан емеспін. Бұл жалғыз мен емес, Қадыр көкем айтпақшы «Нағыз қазақ қазақ емес, Нағыз қазақ домбыра» деп біздің ұлттық аспапты ұғатындар да "Бозторғайдың" орындаушысын да жақсы көреді..

Мейрамбек айтқан әндердің музыкалық иірімдері, темп ритмі, ырғағы қазақ елінің менталитеті, өмірі тіпті пәлсафасы десек артық емес. Біз де қазір Ұлттық деген тіркес бар. Ұлттық кітапхана, ұлттық театр, ұлттық оркестр, ұлттық мұражай т.т. Осы тұрғыда мен Мейрамбектің дауысын, үнін, оның салған әуенін ешкімге ұқсамайтын тембрін Ұлттық десем артық болмас.

Қазақ киносының тарландарының бірі Қанымбек Қасымбековті қазіргі оқырман, көрермен көп біле бермес. Өткен ғасырдың 70-80-90 жылдары Канонның есімі ерекше ыстық та сыйлы тұғын. Оның алғашқы жұмысы "Шоқ пен Шер" халықаралық Монте Карло кинофестивальде бас бәйгені алған. Атағы жер жарған режиссер ағамыз еді. Сол кісінің «Қоштасқым келмейді" фильмінде Мейрамбек алғаш көзге түсті. Кино да ән де бүгінгі тілмен айтқанда «Хит» болды. Көгілдір экраннан осы фильмді асыға күткен жастардың шет жағасын көріп қалдым. Оның үстіне бұл әуенді Мейрамбек те ұмытқа қойған жоқ. Реті келгенде әлі айтады..Әлі күнге той жиында жастардың сүйіп айтар әуені осы - ән. Авторы әнші, композитор Голливудта Боливуд боп жүрген Марат Омаров. Фильмнің де режиссердің де табысы актер Мейрамбектің осы әнді айтуы. Бозбаланың бойындағы тазалық, албырттық, адалдық, ұяндық, сезімталдық, сұлулыққа іңкәрлік бә-

рі-бәрі осы әуенде осы кейіпкерде бар. Фильм сонысымен құнды, ерекшелігі де осында жатыр.

Кәусар бұлақтың басындағы мөлдір судай тап-таза. Қыстың күні аязда таудан аққан тасқынына тұншыққан асау өзеннің құлағанындағы атылып барып қатып қалған моншақ мұзындай...

Мейрамбекті өнерге баулыған тұсауын кесіп топқа қосқан Алтекең... Алтынбек Қоразбаев қазақ өнерінде орны бар, өрнегі бар өзіндік қол таңбасы өзгелерге ұқсамайтын сазгер - Сардар. Ол кісінің симфония жазғанын естісем де есімде жоқ... Бірақ, Саркөкемнің "Сағындым Алматымды" әні әр қазақтың жанында, әр әншінің жүрегінде екені рас.

Тоғызға толмаған ойын баласын Жамбылдағы филормония директорына мұғалым апайы алып келді. Алтекең оны тыңдаған... Тыңдаған да дәл таныған... «Бұлақ көрсең көзін аш». Бұл мәтел Қоразбаевтың болмысы өмірлік қағидасы, кредосы.

Іргедегі Глинка атындағы музыкалық колледжге Мейрамбекті алып барды. Қас қылғандай Қазақстандағы қалада домбыра класы жоқ екен. Жамбыл қаласында Жамбыл тартқан аспап болмай шықты... Абыржитын Алтынбек емес... Баланы қобызға берді. Мейрамбек осылай Өнер өңіріне алғаш қадам басты. Кейін Консерваторияға артынан Өнер академиясына ауысты.

Менің ол кезде Қазақ Мемлекеттік Театр және Кино институтында яғни Өнер академиясында ректор кезім. Алып-ұшып Алтекең келген. Қашанда от ала келген кісідей асығыс. Осылай да осылай... «Бір балам бар, жақсы әнші, тамаша күйші. Осы бала Консерваторияда қор боп жүр. Сол баланы осы Институтқа алсаң» деп қолқа салды. Ол кезде Қоразбаев көкеммен тығыз араласпасақ та сыйластығым бар. Алдым. Мейрамбектің Өнер академиясында оқуына осылай сеп болғаным бар-ды...

Ғажайып әуен күйсандықтан құлай түскен... Жинақы да жанға жақын... Жағалауға қайта-қайта соғылған толқын тәрізді. Болмаса Медеудің сонау төбесіндегі баспалдақтың басынан төмен қарай жүгірген қымбатына, қимасына құлай түскен арудың ардасына асыққаны секілді... ойнақы да ерке... Желмен жарысқан ақшыл түсті көйлектің қысқа етегі бір ашылып бір қымсынып жарқ еткені сияқты...

«Қосамын әнге атыңды
Тосамын әр хатыңды



Бегемкүл Батырбекова

Фарида Капезова

Қарлығаш Абдраман

Мамыр айының туған күн иелері – Бегемкүл Батырбекова, Фарида Капезова, Қарлығаш Абдраманды туған күндерімен құттықтаймыз! Сіздерге барлық ізгі ниеттерімізді білдіре отырып, отбастарыңызға амандық, бақытты да баянды ғұмыр, әрбір қолға алған істеріңізге сәттілік, қажымас қажыр-қайрат пен талмас талап-жігер тілейміз. Қашанда дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдары болсын!

Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІ

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар адамның өмірінің барлық саласына терең еніп, күнделікті әдеттерді түбірімен өзгертті. Әсіресе жасөспірімдер үшін бұл өзгерістер ерекше маңызды, себебі олардың ойлау қабілеті мен психологиялық дамуы технологиялармен тығыз байланысты. Жасөспірімдер оқу, демалыс, байланыс және шығармашылық үшін смартфон, планшет, компьютер мен әлеуметтік желілерді кеңінен қолданады. Бұл құралдар олардың күнделікті өмірінде ажырамас бөлікке айналды, ал технологиялардың жылдам дамуы жас ұрпақтың ойлау қабілетіне, ақпаратты қабылдау дағдыларына, әлеуметтік қарым-қатынасқа және шешім қабылдау қабілетіне тікелей әсер етеді.

Ақпараттық технологиялардың оң әсері айқын. Біріншіден, білім алу мүмкіндігі едәуір кеңейді. Жасөспірімдер енді тек мектеп пен кітапқа сүйенбей, интернет арқылы кез келген тақырыпты зерттей алады. Ғылым, техника, тарих, өнер, тілдер – кез келген бағыттағы ақпарат қолжетімді. Бұл олардың ойлау қабілетін, логикалық пайымдауын, салыстыру жасау және қорытынды шығару дағдыларын дамытады. Сонымен қатар онлайн платформалар, электрондық кітаптар, бейнематериалдар мен курстар жасөспірімнің шығармашылық қабілетін арттырып, жаңа идеялар туғызуға шабыт береді. Мысалы, онлайн ғылыми жобаларға қатысу немесе робототехника мен кодтау курстарында тәжірибе жинау балалардың аналитикалық ойлауын дамытады.

Алайда ақпараттық технологиялардың кері әсері де бар екенін атап өту керек. Көптеген жасөспірім ақпаратты қабылдауда эмоцияға беріліп, деректерді тексермей таратуға бейім. Бұл олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетіне кері әсер етеді, себебі олар ақпаратты талдап, қорытынды жасау дағдысын жеткілікті дәрежеде дамытпайды. Сонымен қатар ұзақ уақыт экран алдында отыру физикалық денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Жасөспірімнің ұйқы режимі бұзылып, көзі шаршайды, концентрация қабілеті төмендейді, бұл оқу процесіне кері әсер етеді. Ақпараттық технологияларды дұрыс пайдаланбау – уақытты тиімді жұмсамаумен, спортпен айналысу және демалысқа аз көңіл бөлуімен де байланысты.

Сонымен қатар ақпараттық технологиялар жасөспірімнің әлеуметтік дағдыларына әсер етеді. Бір жағынан, желі арқылы жасөспірім жаңа таныстар тауып, пікірталасқа қатысып, коммуникацияны дамытады. Екінші жағынан, виртуалды қарым-қатынас нақты өмірдегі әлеуметтік дағдыларды әлсіретуі мүмкін. Жасөспірім тек онлайн сөйлесуге үйреніп, бетпе-бет қарым-қатынаста өз ойын жеткізе алмауы ықтимал. Бұл жағдай эмоционалды интеллекттің дамуына кедергі келтіреді, ал эмоционалды тұрақтылық қазіргі қоғамда маңызды фактор болып табылады. Сондықтан ата-аналар мен ұстаздардың бақылауы маңызды, бірақ ол қысым емес, бағыттау мен қолдау түрінде жүзеге асуы керек.

Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін жасөспірімдерге бірнеше маңызды дағдыны меңгеру қажет. Біріншіден, ақпаратты тексеру, сенімді дереккөздерді тану және жалған мәліметтерден аулақ болу дағдысы. Екіншіден, уақытты дұрыс бөлу – оқу, спорт, хобби, демалыс пен онлайн белсенділікті теңестіру. Үшіншіден, өз ойларын жүйелі түрде құрастырып, ақпаратты шығармашылыққа пайдалану. Бұл дағдылар жасөспірімнің ойлау қабілетін дамытып, оларды саналы азаматқа айналдыруға жол ашады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы мен олардың жасөспірім өміріне енуі саналы пайдалануды талап етеді. Технологияны тек ойын-сауық немесе уақыт өткізудің құралы ретінде ғана қолдану баланың ойлау қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Ал егер олар ақпаратты талдай білуді, деректерді салыстыра білуді және шығармашылыққа қолдануды үйренсе, технология олардың интеллектуалды дамуы мен тұлғалық өсуіне ықпал етеді.

Қорытындылай келе, ақпараттық технологиялар жасөспірімдер өмірінде шешуші рөл атқарады. Дұрыс қолданылған жағдайда олар оқуды, шығармашылықты, сыни ойлауды дамытады. Ал егер технологиялар саналы пайдаланылмаса, олар уақытты жоғалтуға, физикалық және психологиялық зиянға, ойлау қабілетінің әлсіреуіне себеп болуы мүмкін. Саналы, жауапкершілігі жоғары, ақпаратты сын тұрғысынан қабылдай білетін жасөспірім ғана ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндігін тиімді қолдана алады. Осылайша, ақпараттық технологиялар жас ұрпақтың білімін арттырып, шығармашылыққа қабілетті және психологиялық тұрғыдан тұрақты тұлға болып қалыптасуына көмектеседі.

**Зарина Әбілқасым,
Тұран университетінің 4-курс студенті**

Түрк әлемі

ЦИФРЛЫҚ АГРЕССИЯ мен АДАМГЕРШІЛІК: КИБЕРБУЛЛИНГ пен ХАРАССМЕНТТІҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Қазіргі заманда ақпарат пен қарым-қатынастың негізгі алаңы – ғаламтор. Әлеуметтік желілер адамға шынайы достық та, үлкен зиян да әкеледі. Бұл күнде интернеттің артықшылығы мен қауіптілігі қатар орын алып отыр. Бір жағынан технологиялар бізге білім іздеуді, идеямен бөлісуді, өз ойымызды жеткізуді жеңілдетті. Ал екінші жағынан, экранның артында жасырынған жекелеген тұлғалар цифрлық агрессия мен қорлаушы мінез құлықты тарата бастады. Осы мәселелер – бүгінгі қоғамның шындығына айналды: кибербуллинг және харассмент.

Көпшілік мұны жай «пікір» немесе «ауызша шабуыл» деп қабылдауы мүмкін. Алайда бұл – қалыпты құбылыс емес. Кибербуллинг (онлайн қорлау) дегеніміз – әлеуметтік желілерде, чаттарда, комментарийлерде біреуді жек көру, қорлау, қысым көрсету немесе әшкерелеу арқылы мазалап, психологиялық тұрғыдан қақымдау әрекеттерінің жиынтығы. Бұл әрекеттер көрінісіне қарағанда қарапайым шу, әзіл немесе ойын секілді көрінуі мүмкін, бірақ оның әсері адам психологиясына ауыр салмақ түсіреді.

Жасөспірімдер мен жастар арасында кибербуллингтің таралуы айтарлықтай байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік желілерде өз пікірін еркін білдіргендер кейде дөрекі тілмен жауап алады, тіпті әшкереленеді. Мұндайда адам

өзіне деген сенімін жоғалтуы, ұялуы және тіпті өмірге деген құлшынысын жоюы мүмкін. Өкініштісі, көп жасөспірім бұл қысымды жек көргенімен, ешкімге айтуға батылы жетпей, іште қалдырады. Интернет – бұл виртуалды кеңістік болса да, оның салдары – нақты.

Тағы бір ауыр мәселе – харассмент. Бұл сөз қорлаушы мінез құлықтың кең ауқымын білдіреді: адамның жынысына, жасына, сыртқы түріне, әлеуметтік мәртебесіне немесе кәсіби жағдайына негізделген қысым. Харассмент тек әлеуметтік желілерде ғана емес, оқу орындарында, жұмыс орындарында да кездеседі. Мұндай мінез құлық құрбанның өзіндік қадір құлқы мен психологиялық тұрақтылығына ауыр соққы береді. Көптеген жағдайда харассментке ұшыраған адам өз құқығын қорғауға, өз орнын сақтап қалуға батылы жетпейді.

«Сөз – сүйеніш, сөз – серік» дейді халқымыз. Бұл – бүгінгі күннің ең өзекті қағидаларының бірі. Себебі сөз адамды көтере де, құлата да алады. Әлеуметтік желідегі жазбалар, пікірлер, репосттар – бұл тек цифрлық «белгі» ғана емес, адамның ішкі сезіміне әсер ететін нақты факторлар. Сондықтан ғаламторды адамгершілік пен жауапкершілік тұрғысынан қарау керек.

Цифрлық агрессия мен қорлауға қарсы тұру үшін қоғамның бар күші жұмылуы қажет. Бұл – тек жеке адам ғана емес, мектептер,

оқу орындары, отбасы, әлеуметтік желілер платформаларының ортақ міндеті. Медиа сауаттылықты арттыру, интернет этикасын үйрету, кибербуллингтің зияндылығын түсіндіру – бұл бүгінгі қоғамның ең маңызды бағыттарының бірі.

Кибербуллинг пен харассменттің қоғамға тигізетін әсері туралы сөз қозғағанда, оны тек интернеттің «жаман жағы» ретінде қарау жеткіліксіз. Бұл – адамгершілік, құрмет, жауапкершілік сияқты негізгі құндылықтарды сақтау мәселесі. Егер біз бір бірімізді құрметтеп, әр адамның сезіміне назар аударып, дұрыс қарым қатынас құруды үйренсек, қоғамымыз әлдеқайда мейірімді әрі адамгершілігі жоғары болады.

Ақпараттық ғасырда адам санасы да өзгеруде. Осы өзгерістерді саналы түрде басқару – біздің басты міндетіміз. Әр адам интернетте пікір білдірген кезде, әр сөзді ой елегінен өткізгенде, қоғамымыздың адамгершілік деңгейі тағы бір сатыға көтеріледі. Сондықтан кибербуллинг пен харассментті тоқтату – бұл тек заң талаптары бойынша ғана емес, адамдар арасындағы әдеп пен құрметке негізделген әрекет.

**МАХТАБАЙ Ұлдана Бейсенбекқызы
Тұран университеті, Журналистика
факультетінің 4-курс студенті**



АР-НАМЫС пен АДАЛ ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЛГІСІ

Мұбарак Мұхатаұлы Ахметсафин есімі кәсіби ортада ғана емес, азаматтық қоғам өкілдері арасында да кеңінен танымал. Үкіметтік емес ұйымдардағы әріптестер үшін ол – принципшілдіктің, жауапкершіліктің және қоғамға адал қызмет етудің жарқын үлгісі.

Биыл Мұбарак Мұхатаұлы 70 жасқа толып отыр. Бұл – тек мерейтой ғана емес, мемлекет пен қоғам игілігі жолында атқарылған ұзақ жылғы еңбектің, қабылданған маңызды шешімдердің және сүбелі үлестің айқын көрінісі.

Еңбек жолын ішкі істер органдарында бастаған ол түрлі мемлекеттік құрылымдарда қызмет атқарды. Әр жылдары ІІМ, ҰҚК, Әділет министрлігі, сондай-

ақ қаржы полициясы жүйесінде жұмыс істеп, инспектордан бастап басшылық қызметтерге дейін көтерілді. Қай қызметте болса да заңдылық пен әділеттілік қағидаттарын берік ұстанды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Мұбарак Мұхатаұлы қоғамдық өмірден шет қалған жоқ. Керісінше, оның азаматтық белсенділігі жаңа деңгейге көтеріліп, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталды.

Бүгінде ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында белсенді еңбек етуде. «Алматы – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі аясында жастармен кездесулер өткізіп, құқықтық сауаттылықты арттыруға үлес қосып келеді. Оның әрбір сөзі өмірлік тәжірибеге негізделген, мазмұнды әрі шынайы.

Сонымен қатар, ол «Жанару» республикалық қоғамдық қозғалысының мүшесі ретінде қоғамда адалдық, ашықтық және жемқорлыққа төзбеушілік қағидаттарын ілгерілетуде.

Әріптестері оны әрдайым ашық-жарқын, мейірімді, қолдауға дайын азамат ретінде сипаттайды. Оның өмірлік тәжірибесі мен даналығы көпшілік үшін үлгі.

МЕРЕЙТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Алматы қаласының үкіметтік емес ұйымдары атынан Мұбарак Мұхатаұлын 70 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге толағай табыс тілейміз. Қоғам игілігі жолындағы қызметіңіз жалғасын тауып, тәжірибеңіз бен парасатыңыз әлі талай ұрпаққа бағдар бола берсін!



ЧЕЛОВЕК ЧЕСТИ И СЛУЖЕНИЯ ОБЩЕСТВУ

Имя Мубарака Мухатаевича Ахметзафина хорошо известно не только в профессиональных кругах, но и среди представителей гражданского общества. Для многих из нас, коллег из неправительственного сектора, он является примером принципиальности, ответственности и искреннего служения обществу.

В этом году Мубарак Мухатаевич отмечает 70-летний юбилей — важную жизненную веху, за которой стоят десятилетия честной работы, значимых решений и реально-го вклада в развитие государства и общества.

Его профессиональный путь начался в органах внутренних дел и охватывает работу в различных государственных структурах — от МВД и КНБ до Министерства юстиции и финансовой полиции. Пройдя путь от инспектора до руководящих должностей, он всегда оставался верен принципам законности, справедливости и служебного долга.

Однако особенно важно то, что и после выхода на пенсию Мубарак Мухатаевич не отошёл от активной деятельности. Напротив, сегодня он — один из тех, кто формирует повестку гражданского участия и укрепляет общественные ценности.

В рамках антикоррупционных инициатив, включая проектный офис «Алматы – адалдық алаңы», он активно работает с молодежью, делится опытом, участвует в просветительских мероприятиях. Его выступления всегда содержательны и искренни, а главное — находят отклик у аудитории.

Как член республиканского общественного движения «Жанару», он продолжает объединять вокруг себя единомышленников, продвигая идеи честности, открытости и нетерпимости к коррупции.

Для нас, представителей неправительственного сектора, Мубарак Мухатаевич — это не только профессионал с большим опытом, но и человек с открытым сердцем, готовый поддержать, подсказать и включиться в общее дело. Его человеческие качества — доброжелательность, мудрость и уважительное отношение к людям — вызывают искреннее уважение.

С ЮБИЛЕЕМ!

От имени коллег из неправительственных организаций города Алматы поздравляем Мубарака Мухатаевича с 70-летием!

Желаем крепкого здоровья, благополучия, энергии и дальнейшей активной деятельности на благо общества. Пусть Ваш опыт и жизненная мудрость ещё долгие годы служат ориентиром для молодого поколения и всех, кто работает во имя справедливости и развития страны.

ҰСТАЗДЫҚТЫҢ ҰЛЫ ЖОЛЫН АБЫРОЙМЕН ӨТКЕРГЕН АРДАҚТЫ ТҰЛҒА

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, бар ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне, білім мен қоғам дамуына арнаған жандар әрдайым ерекше құрметке ие. Осындай абзал тұлғалардың бірі — Тамара Мұхтарханқызы Шакирова.

Тамара Мұхтарханқызы — тек Алматы қаласында ғана емес, еліміздің әр өңіріндегі зиялы қауымға кеңінен танымал, білім беру саласына өлшеусіз үлес қосқан ұстаз, білікті басшы, парасат иесі.

Оның еңбек жолы — табандылық пен адалдықтың айқын көрінісі. Білім беру жүйесіндегі 53 жылдық тәжірибесі, соның ішінде 30 жыл Алматы автомеханикалық колледжін басқаруы — үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберліктің дәлелі. Осы кезеңде оқу орнының дамуына серпін беріп, мыңдаған жас маманның қалыптасуына жол ашты.

Тамара Мұхтарханқызының басшылығымен колледж кәсіби білім берудің үздік үлгілерінің біріне айналды. Оның көрегендігі, талапшылдығы және ұйымдастырушылық қабілеті ұжымның да, шәкірттердің де жетістіктеріне негіз болды.

Еңбегі жоғары бағаланып, ол КСРО және Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі атанды, Моңғолия Республикасының Достық орденімен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарына, мерейтойлық медальдарға және көптеген құрмет грамоталарына ие болды.

Ол — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасының Құрметті білім қызметкері. Бұл — оның кәсіби биігі мен қоғам алдындағы беделінің айғағы.

Бүгінде де Тамара Мұхтарханқызы қоғамдық қызметтен шет қалған жоқ. Алматы қаласы Жетісу аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы ретінде, сондай-ақ қалалық ардагерлер кеңесі президиумының мүшесі, аудан әкімінің кеңесшісі және «Аманат» партиясы кеңесінің мүшесі



ретінде белсенді жұмыс атқарып келеді.

Біз, Корпоративтік қор Melistone of Transformation Foundation ұжымы, Тамара Мұхтарханқызын тек тәжірибелі маман ғана емес, қоғамға жанашыр, жастарға бағыт-бағдар беретін тәлімгер тұлға ретінде ерекше құрметтейміз. Оның өмір жолы — жауапкершілік пен адал еңбектің, азаматтық белсенділіктің жарқын үлгісі.

Мерейлі күн құтты болсын!

17 сәуір — Тамара Мұхтарханқызының туған күні.

Осы айтулы күні ардақты ұстазды шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, еңбегіңіздің жемісін көретін жарқын күндер тілейміз.

Сіздің өмірлік тәжірибеңіз бен парасатыңыз әлі талай ұрпаққа үлгі болып, қоғам игілігі жолындағы еңбегіңіз жалғасын таба берсін!

Ізгі тілекпен,
Корпоративтік қор Melistone of Transformation Foundation ұжымы



ПРИЗВАНИЕ ДЛИНОЮ В ЖИЗНЬ

Есть люди, для которых профессия становится не просто работой, а настоящей миссией. Тамара Мухтархановна Шакирова — именно такой человек. Её жизненный путь — это история преданности образованию, людям и своему делу.

За плечами Тамары Мухтархановны — более полувека в системе образования. 53 года — это не просто цифра, а десятилетия поколений учеников, сотни коллег и огромный вклад в развитие профессионального образования. Особое место в её биографии занимает период руководства Алматинским автомеханическим колледжем, которому она посвятила 30 лет. Под её началом учебное заведение стало крепкой площадкой для подготовки востребованных специалистов.

Но, пожалуй, главное в её профессиональной судьбе — это не только управленческие достижения, а люди. Те, кому она помогла найти свой путь, поверить в себя, стать частью общества.

Её труд отмечен высокими наградами — от званий «Отличник образования» до государственных благодарностей и медалей. Однако для многих её учеников и коллег самой высокой оценкой остаётся уважение и благодарность, которые она

заслужила за годы работы.

Сегодня, находясь на заслуженном отдыхе, Тамара Мухтархановна по-прежнему остаётся в центре общественной жизни. Она активно участвует в работе ветеранских организаций, вовлечена в вопросы развития общества, делится опытом и поддерживает инициативы, направленные на укрепление гражданских ценностей.

Для нас, представителей неправительственного сектора, Тамара Мухтархановна — это человек, чья энергия и жизненная позиция вдохновляют. В ней удивительным образом сочетаются строгость настоящего педагога, мудрость наставника и искренняя забота о людях.

С уважением и признательностью

В день рождения Тамары Мухтархановны мы, коллеги из неправительственных организаций, выражаем ей искреннюю благодарность за её жизненный путь, за вклад в образование и общество.

Желаем крепкого здоровья, душевного тепла, благополучия и долгих лет активной жизни. Пусть рядом всегда будут люди, которым Вы дороги, а Ваша мудрость и дальше служит опорой для новых поколений.



Öyle yoğun bir telaş içindeydim ki telefonun çalması canımın sıkılmasına neden oldu. O an kaybedilecek tek dakikam bile yoktu ama belki önemli bir şey için arıyorlardı düşüncesiyle telefona cevap verdim. Tanımadığım bir numaradan ve tanımadığım bayan sesinden gelen kutlamaydı.

– Bravo, kazandınız hanımefendi!
– Bakın hanımefendi ben bugüne kadar çabalamama rağmen bir şey kazanmadım, durduğum yerde nasıl kazanabilirim ki!

– Kazandınız hanımefendi bu bir şaka değil, tamamen gerçek! Bodrum'daki Alafranga Otelde beş gün ailenizle bedava tatil yapacaksınız. Sadece yol parası size ait, beş kuruş para ödemeyeceksiniz. Yalnız bu Pazar günü saat 17.00 de bu konuyu görüşmek üzere Aslan Leon Otel'e bekliyoruz.

Şaşkınlım elbette... Bu işin içinde bir iş var malumunuz üzere...

– Affedersiniz, nasıl kazanmışım ki ben?

– Geçenlerde Kültür ve Turizm Bakanlığı'nın düzenlemiş olduğu bir ankette katılmışsınız. Çekilen kurada siz çıkmışsınız. On beş talihli arasındasınız Şule Yıldız Hanımefendi!

İçimden "Hadi be, ben kazanmışım ha! Yok ya ben ve kurada çıkmak... Hayır, asla mümkün değil!" dedim. Sonra hatırladım. Geçenlerde cep telefonumu arayarak küçük bir anket yapmışlardı. Bakanlık lafı filan geçince ciddi bir anket olduğunu düşünerek cevaplamıştım. Her yıl bir hafta veya on gün tatil yaptığımı da söylemiştim. 20 günlük yıllık iznimde dayımların yaylasına gidiyorduk. Temiz havası, gürül gürül akan suları, gür ormanı ve renk renk çiçekleri ile mis gibi kokan güzel bir yer... "Ah tatil, dinlenebildiğim tek zaman!" diye iç geçiriyordum. Kendimi tatil hayallerimden çabucak sıyrıp telefona cevap veriyordum.

– Başıma hayırlı bir şey gelmez benim teşekkür ederim. Sıradaki gitsin. Hem ben Pazar günü o saatte müsait değilim.

– Saati değiştirelim o zaman... 18-19-20 hangisi uygun size?

– E şıkkı uygun bana hanımefendi...

– Hangisi efendim? Yani tam anlamadım da!

– Hiçbiri...

– Peki, o halde haftaya diyelim mi?

– Bilemiyorum ki! Madem ısrar ediyorsunuz düşünüyem. Çocuklarımla da konuşmam gerekli, onların bu konudaki fikirlerini almam şart!

– Tamam, haftaya ararız o halde... Siz ailenizle görüşün hanımefendi. İyi günler...

– İyi günler...

Konuşma biter bitmez damadımı aradım. "Anne, bize de yaptılar aynısını. Otele gittik İncilay ile ama orada bize 10.000 liralık bir devre mülk satmaya çalıştılar. Vazgeçip döndük." dedi.

Bu konuşmanın ardından ev telefonu çaldı. Arayan en samimi arkadaşım Betül'dü. Kısa bir hal hatır sorduktan sonra

ama sonunda sattı süpürgeyi! Kızım Selin mutlu oldu ama satıcının mutluluğu hepten tarifsizdi. Bu zaferi o kazanmıştı. Kaybeden bendim geleneksel olarak...

Yeni süpürgeyi deneyelim diyerek kızım ile temizliğe devam ettik. Cep telefonum çaldı. Yine tanımadığım bir numarada...

– İyi günler... Şule Yıldız ile mi görüşüyorum?

– Evet, benim.

– İyi günler değerli müşterimiz... Ben Bol Kredi Bank'tan arıyorum. Adım Esra Karagül... Güvenlik gereği konuşmalarımız kayıt altındadır. Şule Hanım nasılsınız?

– Teşekkür ederim. İyiyim.

– Siz kıymetli müşterimize özel; adınıza 10.000 lira kredi tanımlanmıştır. Keşifsiz olarak bu krediyi kullanmak üzere

– Mükemmel...

– Arabanız var mı?

– Var.

– Markası, modeli, yılı nedir?

– 2000 model Opel Corsa... On yıl önce almıştık.

– Güzel, eşiniz ne iş yapıyor?

– Eşim yok, dokuz yıl önce öldü.

– Peki, evinize ayda toplam olarak kaç lira giriyor?

– 1500 lira giriyor. Başka çalışmamız ve yan gelirimiz yok. Kocam serbest meslek sahibiydi. Sigortasını çok geç başlatmış. Bize maaş bağlanmadı. Oğlum Ankara'da Üniversite'de okuyor. Allah'a şükür ki amcasının evinde kalıyor. Ortanca kız evde yanımda, Kamu Personeli Seçim Sınavına hazırlanıyor. En büyük kızım da beş yıl önce evlendi. İki torunum var ellerinizden öperler.

DEĞERLİ MÜŞTERİMİZ

cep telefonunun faturasından şikâyet etmeye başladı.

– Şule'ciğim faturayı ödemeyince "Sayın abonemiz", ödeyince "Değerli abonemiz" diyorlar.

– Değerli olmayı tercih ederim ama sayın olmak da iyidir, dedim.

– Cep telefonu faturamı ödeyerek sayınlıktan değerliliğe terfi etmek için Falsele gideceğim. Dönüşte sana beş çayına uğrarım. Şu an seninle Sayın Betül olarak konuşuyorum. Sana faturamı ödeyip geleceğim ama bu kez değerli müşteri olarak...

– Tabii, Betül beklerim canım... Şunu unutma tatlım sen benim için her zaman değerlisin.

Ev telefonu tekrar çaldı. Bu defa arayan kişi yine elektrik süpürgesi satmaya çalışan kişiydi. Kaç defa "olmaz" demişti ama adam hala pes etmiyordu. İlle de o süpürgeyi Şule Hanım'a satacaktı.

– İhtiyacım yok. Param yok. Zamanım da yok. Kabul edemem.

– Efendim sadece tanıtım yapacağız. Almak zorunda değilsiniz.

– Kardeşim ben elektrik süpürgesi istemiyorum. İhtiyacım yok!

Ne dediysem fayda etmedi ve tanıtım için geldi eleman. Aile boyu adamı izliyoruz. Adam kararlı satacak bize bunu... Zaten bu kaçınıcı araması ve kaçınıcı yok deyişimiz... Türkan adlı aile dostumuz hem telefonlarımızı vermiş, hem evimizin adresini bir güzel tarif etmiş. Ah Türkan Teyze yaktın beni, sana ne desem ki!

Eleman aklı sıra evdeki süpürgemizin kötü olduğunu kanıtlayacak. Süpürgemin tozu tam çekmediğini filan anlatıyor ama elektrik süpürgem aslanlar gibi bütün testleri başarıyla geçiyor. Hey yavrum hey! Aslan süpürgem benim!

Adam, bu kez bekâr olan kızım çeyiz olarak almam için ısrar etmeye başlıyor bu kez de. Baktım kızım istiyor gibi... Adam da kesin satmadan gitmeyecek. Kredi kartına taksit için post cihazını da getirmiş üstelik... Sekiz taksitle istemeye istemeye elektrik süpürgesini aldık. Ne satıcı ama bıkmadan defalarca aradı

bankamıza bekliyoruz.

– Kredi kullanmak istemiyorum. Teşekkür ederim.

– Hanımefendi fikrinizi değiştirir iseniz üç gün içinde bu numaradan bana dönebilirsiniz.

– İyi günler... Dönmeyeceğimden emin olabilirsiniz. Bundan on yıl kadar önce eşimin hastalığı nedeniyle para lazım olmuştu. Bankanızdan kredi almak için iki kefilli kapınızı aşındırmıştık da bin bir nazla kredi vermiştiniz. Kaşıkla verip sapıyla da gözümüzü çıkardınız sonrasında... Çektiğimiz parayı iki misliyle ödemiştik. Sayenizde ne zor günler yaşamıştık. Hey yavrum hey! İhtiyacımız olduğunda yalvarta yalvarta verdiğiniz krediyi ihtiyacımız yokken zorla vermek istiyorsunuz. Üstelik keşifsiz...

– Dit dit dit...

– Ayıp ettin ama Esra Karagül... Telefonu yüzüme kapattın! Bunları kayda alıp da patronlarına dinletseydin iyi olurdu ama neyse canın sağ olsun!

İşlerimi tam yoluna koymuştum ki yine cep telefonum çaldı. Pak Bank'tan arıyorlardı. Tatlı bir bayan sesi:

– Şule Yıldız ile mi görüşüyorum?

– Evet. Buyurun, benim.

– Hanımefendi siz özel müşterilerimiz için hazırladığımız bir hizmet var. Çok kısıtlı sayıda üyemiz bu hizmetimizden yararlanacak. Siz de bankamızın elit müşterilerinden olduğunuz için bundan yararlanmanızı istiyoruz. Yalnız birkaç sorumuz olacak. Müsait misiniz?

Artık uygunum. Telefonlar, süpürge satıcısı zaten bütün programımı alt üst etti. Bundan sonrası tufan yani... Hem ben elit müşteriymişim, bana bir hizmet sunacaklarmış. Gururum okşandı. Ağzım kulaklarımda elbette...

– Buyurun. Sizi dinliyorum.

– Hanımefendi işiniz nedir?

– Bir devlet dairesinde memurum.

– Maaşınızın miktarı nedir?

– Ayda 1500 lira alıyorum.

– Oturduğunuz ev size mi ait?

– Evet. Annemden miras olarak bana düştü. Üç oda, bir salon artı mutfak ve banyo...

– Peki, verdiğiniz bilgiler için teşekkür ederim. Sunacağım hizmet önerisi sizi asla kapsamıyor. İyi günler bayan!

Telefon alalacele adeta yüzüme kapandı. Ben çok üzgünüm tabii... On dakika öncesine kadar elit müşteriler arasındaydım da birdenbire gözden düşmeyi hazmedebilmiş değilim. Önceleri sıcacık bir ses tonuyla hanımefendi diye hitap edilirken sonrasında buz gibi bir sesle bayan denilmesi de pek yenilir yutulur bir durum değil...

Sesimi mahsustan ağlamaklı yaptım. Kızıma seslendim:

– Selin, yavrum ben Pak Bank'ın elit müşterilerinden değilmişim. Önce beni havaya soktular, uçurup göklere çıkardılar. Sonra tepeden attılar da beyin üstü yere çakıldım. Ah ahhh! Keşke gelirimizi daha çok söyleseydim de bu elitliği geç bulup çabuk kaybetmeseydim. Şimdi ağlayacağım ühü ühü ühüüü...

– Hıh... Çok da umurumuzdaydı sanki! Takma kafana tokadan başka şey benim şeker annem...

Kızım ile kaha-kahalarla güldük. Parası olanlar elit ve değerli müşteri demek ki! Beni kapsamayan hizmet kendilerinin olsun.

– Anneciğim, sana şöyle bol köpüklü sade bir kahve yapayım; yanında sevdiğin kuşluklarından da ikram edeyim ne dersin?

– Hadi kızım, bol köpüklü Türk kahvemizi yudumlarırken telefonu da şarja koyalım. Bu kadar gereksiz konuşmaya batarya mı dayanır? Bir de güzel bir kanal bul televizyonda... Kızım, çok şükür aç değiliz, açta değiliz. Sağlığımız en büyük zenginliğimizdir. Evimizde huzurluyuz binlerce şükür Allah'ıma... Varsın elit müşterilerinden olmayalım. Falselin değerli müşterilerinden Betül Teyze'n beş çayına gelecek. Sen kakaolu kek çırp, ben de çayın yanında ikram etmek için peynirli sigara böreği sarayım.

**HARİKA UFUK
ADANA**

9-12-2013

SAAT: 20.30

Қобыздың да жаны бар



Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде қобыздың орны бөлек. Ол – жай ғана музыкалық аспап емес, ұлттың жадын, рухын, дүниетанымын бойына жинаған киелі мұра. Қобыздың үнінен сайын даланың сыры, желдің гүлі, тұз тағысының үні, адамның жан толқынысы қатар сезіледі. Бүгінде осы көне мұраны жаңғыртып, оның бастапқы болмысын сақтап келе жатқан шеберлердің бірі – қобыз жасаушы, ұста әрі бақсылық дәстүрді зерттеуші Төлеген Сәрсенбаевпен қобыздың киесі, беті ашық қобыздың қайта жаңғыруы, бақсылық пен ұсталықтың сабақтастығы туралы әңгімелестік.

– Сізді әрі бақсы, әрі ұста деп жатады. Осы екі қасиет бойыңызда қалай тоғысты?

– Менің өмір жолымда бұл екеуі ешқашан бір-бірінен бөлініп тұрған емес. Әкем жағынан тараған аталарым көне заманнан ұсталық кәсіппен айналысқан. Тіпті руымыздың атауының өзі – Көпұста, яғни Бөріұста. Ал нағашы жұртым Тарақты руынан тарайды. Ол жақта да тылсым дүниемен байланысқан, ел ішінде аты қалған бақсылар аз болмаған.

Нағашы бабам Базарбай XIX ғасырда қазіргі Жетісу өңіріндегі Басқан өзенінің бойында өмір сүрген. Ел аузында оның тек бақсы емес, әділ би болғаны жөнінде де көптеген әңгіме сақталған. Сондықтан мен өз бойымдағы ұсталық қасиетті әке жағынан, ал бақсылыққа қатысты қабілетті нағашы жұртымнан дарыған аманат деп қабылдаймын.

Бұл екі өнер бірін-бірі толықтырып тұрады. Мен бақсылыққа қажетті қобыз, аса таяқ секілді киелі бұйымдарды өз қолыммен жасаймын. Себебі олардың қандай болуы керектігін, қандай сипатқа ие болғанда ғана өз міндетін атқара алатынын білемін.

– Қобызды көпшілік музыкалық аспап ретінде қабылдайды. Ал сіз үшін қобыз деген не?

– Қобызды тек музыкалық аспап деп түсіну оның болмысын тарылтып жібереді. Мен үшін қобыз – рухани құрал. Оның үні адамның жан дүниесіне әсер етеді.

Қазақ дүниетанымында әрбір киелі заттың көзге көрінбейтін рухани сыңары болады деген түсінік бар. Қобыз да сондай. Егер оның рухани қуаты болмаса, ол жай ғана ағаштан жасалған бұйым болып қалады. Ал киелі қасиет қонған қобыздың үні адамды терең толғанысқа бөлеп, ішкі әлемін тазартуға ықпал етеді.

Қобыз үнін тыңдағанда адам өз тегінің жадын, табиғатпен байланысын, рухани тамырын сезіне бастайды. Сондықтан қобыздың құдіреті оның дыбысында ғана емес, адамның жан дүниесін тербететін әсерінде жатыр.

– Бүгінде сіз қайта жаңғыртқан беті ашық қобыз туралы жиі айтылады. Оның ерекшелігі неде?

– Өткен ғасырдың ортасында қазақ қобыздың сыртқы келбеті өзгеріске ұшырады. Түрлі себептермен оның беті жабылып, бастапқы табиғи болмысы өзгертілді. Соның салдарынан қобыздың үні де өзгере бастады. Оның ежелгі қоңыр бояуы көмескіленіп, басқа аспаптардың тембріне жақындай түсті.

Ал мен 1990 жылы көрген аянымның негізінде көне үлгідегі беті ашық қобызды қайта жасап шығардым. Бұл қобыздың үні мүлде бөлек. Оның дыбысынан табиғаттың үнін, аңқұстың дауысын, желдің гүлін анық сезінуге болады.

Беті ашық қобыздың басты ерекшелігі – оның дыбыстық мүмкіндігінің кеңдігінде. Ол орындаушыға еркін импровизация жасауға, табиғат пен адам жанының сан алуан күйін жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан мен оны қазақтың

көне музыкалық дүниетанымының тірі жалғасы деп есептеймін.

– Алғашында бұл жаңалыққа қалай қарады?

– Әрине, алғаш кезде түсінбегендер болды. Кейбіреулер оны ескіліктің қалдығы деп қабылдады. Бірақ уақыт бәрін өз орнына қойды.

Белгілі қобызшылар Әбдіманап Жұмабеков, Раушан Оразбаева, Мақсат Медеубеков секілді өнерпаздар осы қобызда ойнап, оның мүмкіндігін әлем сахналарында көрсетті. Бүгінде бұл аспаптың өзіндік үні мен табиғи бояуы мойындалды.

– Қобызға шетелдіктердің қызығушылығы қандай?

– Қызығушылық өте жоғары. Бірде жапон музыканты мен жасаған қобызды алып кетті. Кейін тағы келіп екіншісін сатып алды. Үшінші келгенінде: «Қобыздың дәл көшірмесін жасадық, бірақ дыбысы шықпайды. Құпиясы неде?» деп сұрады.

Сол кезде өз тәжірибемді жүйелеп, патенттеу керек деген ой келді. Көп жылғы ізденістің нәтижесінде 2017–2018 жылдары қобыз жасау әдісіме патент алдым.

Қазір қобызға Қытай тарапынан да қызығушылық байқалады. Сондықтан ұлттық мұраны ғылыми тұрғыдан зерттеп, қорғау өте маңызды.

– Қобыз өнерінің болашағын қалай елестетесіз?

– Қобыздың болашағы зор. Ол ғасырлар бойы талай қиын кезеңнен өтіп, бүгінге жетті. Демек, ертең де өмір сүре береді.

Қазіргі әлем табиғилыққа бет бұрып келеді. Адамдар экологиялық таза өнімге, табиғи дүниеге қызығуда. Қобыз да – табиғи аспап. Оның үні де табиғи. Сондықтан алдағы уақытта қобыздың қадірі бұрынғыдан да арта түседі деп сенемін.

– Бүгінгі жастардың дәстүрлі өнерге қызығушылығы қандай?

– Қызығушылық бар. Бірақ ол адамның тәрбиесіне, шыққан тегіне, рухани деңгейіне байланысты.

Ұлттық өнерге көбіне талғамы жоғары, рухани дүниесі бай жастар келеді. Қобызға қызығатындардың қатары аз емес. Бұл – қуантарлық жағдай.

– «Тұран» ансамблінің шығармашылығына көзқарасыңыз қандай?

– «Тұран» ансамблінің жігіттерімен көп жылдан бері араласамын. Олар қазақтың көне аспаптарын жаңаша қырынан танытып жүр.

Ең бастысы – ұлттық музыканың табиғи болмысын жоғалтпай, оны әлемге көрсете білді. Сондықтан олардың еңбегін жоғары бағалаймын.

– Бір қобызды жасауға қанша уақыт кетеді? Ең күрделі кезеңі қайсы?

– Қобыз жасау – асығыстықты көтермейтін, үлкен сабыр мен төзімді талап ететін өнер. Ең алдымен қобызға жарайтын ағашты өзім арнайы белгілеріне қарап таңдаймын. Ағаш әкелінгеннен кейін оның сызбасын жасап, сыртқы пішінін қалыптастыруға шамамен бір апта уақыт кетеді.

Алайда жұмыстың ең ұзақ бөлігі осыдан кейін басталады. Шабылып дайындалған қобыз кем дегенде бір жыл кептіріледі. Осы уақыт ішінде ағаштың табиғи мінезі байқалады: жарылатын жері жарылып, бұралатын жері бұралып, қисаятын жері қисаяды. Бір жылдан кейін ғана ағаш толық тұрақтанып, әрі қарай өңдеуге жарамды болады. Содан соң қобызды толық аяқтауға тағы екі-үш ай уақыт қажет.

Менің қобыз жасау тәсілімдегі ең жауапты әрі күрделі кезең – қобыздың «ауысудан», яғни трансформациядан өтуі. Бұл – жай ғана ағаштың музыкалық аспапқа айналуы емес, оның рухани тұрғыдан да жаңа болмысқа көшу кезеңі.

Мен жасаған әрбір қобыз осындай сынақтан өтеді. Кейде бұл үдеріс барысында қобыз шыда-

май сынып кетуі де мүмкін. Мәселен, үш қобызды ауысуға салсам, соның екеуі аман өтіп шықса, мен үшін үлкен жетістік саналады. Өйткені осы кезеңнен өткен қобыз ғана өзінің шынайы табиғатын табады.

Менің түсінігімде, ауысудан өтпеген қобыз – әлі де ағаш күйінде қалған дүние. Ал барлық сынақтан сүрінбей өткен қобыз ғана нағыз аспапқа айналып, өз үнін табады.

– Мемлекет тарапынан қандай қолдау қажет деп ойлайсыз?

– Ең алдымен ұлттық аспап жасайтын шеберлер мен сол аспаптардың үнін халыққа жеткізіп жүрген дәстүрлі өнер өкілдеріне жүйелі қолдау қажет. Ұлттық мәдениетті сақтап, дамытып жүрген адамдар күнделікті тұрмыс қамымен арпалыспай, шығармашылықпен еркін айналысуға мүмкіндік алуы керек. Сонда ғана өнер де, руханият та дамиды.

Меніңше, мемлекет ұлттық мұраны жаңғыртып жүрген шеберлерге ерекше көңіл бөлгені жөн. Мысалы, мен өмірімнің көп бөлігін қазақ қобызшының көне үлгісін зерттеуге, беті ашық қобызды қайта жаңғыртуға, оны жетілдіруге арнадым. Бұл – жеке адамның емес, қазақ мәдениетінің игілігі үшін атқарылған еңбек.

Өкінішке қарай, ұлттық өнерді дамыту жолында еңбек етіп жүрген көптеген шеберлердің жұмысы лайықты бағасын ала бермейді. Сондықтан дәстүрлі өнер иелеріне арнайы гранттар бөлініп, шығармашылық шеберханалар ашуға мүмкіндік жасалса, тәжірибелі шеберлердің білімін жастарға үйрететін мектептер құрылса деген тілек бар.

Егер осындай қолдау көрсетілсе, мен де өмір бойы жинаған тәжірибемді шәкірт тәрбиелеуге, киелі қобыз жасау өнерін келесі буынға аманаттауға бар күшімді жұмсар едім. Өйткені ұлттық мұраны сақтау – бір адамның емес, тұтас қоғамның міндеті.

– Өзіңізден кейін қандай мұра қалдырғыңыз келеді?

– Менің көп жылдан бергі арманым – бақсылық пен қобыз мәдениетіне арналған арнайы рухани орталық құру.

Сонымен бірге қайта жаңғырған беті ашық қобыз мектебі жалғасса, шәкірттер тәрбиеленсе деймін. Бар мақсатым – ата-бабадан жеткен мұраны келер ұрпаққа аман жеткізу.

Қобыздың үні ғасырлар бойы қазақпен бірге жасап келеді. Сол үннің ешқашан үзілмегенін қалаймын.

Әңгімелескен: Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ



TIKTOK: ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТЕТІН ЖАҢА ДӘУІР ПЛАТФОРМАСЫ

Қазіргі заманда

әлеуметтік желілер тек хабар алмасу құралы ғана емес, қоғамдағы өзгерістердің басты катализаторына айналды. Солардың ішінде TikTok ерекше орын алады. Бұл платформа қысқа видеолар арқылы миллиардтаған адамның күнделікті өміріне еніп, ой-пікір қалыптастырады, мәдениет пен трендтерді жылдам таратады. Халық даналығы айтқандай: «Заманына сай адам – заманмен қатар жүреді». TikTok дәл сол заманауи уақыттың үні болып отыр.

TikTok-тың басты ерекшелігі – ақпарат пен көңіл көтеруді біріктіруінде. Қысқа видеолар оқырманның назарына тез ілігіп, оны қызықтыра алады. Мұның арқасында жастар арасында білім беру, тіл үйрену, ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттау бағытында жаңа үрдістер пайда болды. Мысалы, қазақстандық қолданушылар қазақ тілінде қысқа видеолар жасап, дәстүрлі ән мен билерді таныстырып, ел мәдениетін әлемге паш етуде. Бұл – цифрлық ғасырда мәдениетімізді сақтаудың жаңа жолы.

Дегенмен TikTok тек мәдениет пен шығармашылық үшін ғана емес, қоғамға әлеуметтік және психологиялық әсерін тигізіп отыр. Қолданушылар жаңа идеяларды, өмірлік тәжірибелерді бөліседі, әлеуметтік проблемаларды көтереді. Бірақ кейде жалған ақпарат, трендке еріксіз ілесу немесе уақытты шамадан тыс өткізу сияқты жағымсыз әсерлер де байқалады. Сол себепті платформаны дұрыс пайдалану – әрбір қолданушының жауапкершілігі.

Халық даналығы айтқандай: «Білімдіге әлем ашады, жалғанға қамалды». TikTok дәл осы қағиданы көрсетеді: дұрыс бағытта қолданылса, ол білім мен шығармашылыққа, халық санасын арттыруға қызмет етеді; керісінше болса, уақыт пен энергияны босқа шығаратын құралға айналуы мүмкін. Журналист ретінде біз үшін бұл – қоғамдағы өзгерістерді бақылап, талдау жасауға мүмкіндік беретін жаңа алаң.

Қорыта айтқанда, TikTok тек көңіл көтеретін қосымша ғана емес, қоғамның жаңа құрылымдық өзгерістерін тудыратын құдіретті платформа. Ол мәдениет, білім, әлеуметтік пікір, психология және трендтер арқылы қоғамды қайта пішіндеуде. Әрбір қолданушы, әрбір видеодағы идея – бұл қоғамға әсер ететін жаңа дауыс. Сондықтан цифрлық дәуірде саналы, жауапты болу – әрқайсысымыздың міндетіміз.

БІЛІМ САПАСЫ ӨСУДЕ: ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ӘЛЕМДІК АРЕНАДА

Қазақстанның білім беру саласы жаңа белеске көтерілуде. Халықаралық рейтингтер – QS (Quacquarelli Symonds) және THE (Times Higher Education) – соңғы жарияланған деректерге сәйкес, қазақстандық университеттердің көрсеткіші айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Бұл – ел білім сапасын арттыру бағытында жасап жатқан стратегиялық жұмыстың нақты нәтижесі.

Рейтингтегі өзгерістер

Мысалы, Назарбаев университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қ.Б.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті сияқты оқу орындары халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға көтерілді. Бұл көрсеткіштер – сапалы білім, ғылыми-зерттеулердің көлемі мен халықаралық серіктестік деңгейінің артуының дәлелі.

QS және THE рейтингтері университеттің оқу бағдарламалары, ғылыми еңбектердің сапасы, халықаралық оқытушылар мен студенттердің қатысуы сияқты критерийлер бойынша бағаланады. Қазақстандық университеттердің жетістігі – тек академиялық танымалдық емес, сонымен бірге студенттер мен жас ғалымдарға әлемдік деңгейде мүмкіндік ашу болып табылады.

Білім сапасының өсуі – елдің дамуының маңызды факторы. Қазақстан университеттерінің халықаралық аренада танылуы – тек академиялық жетістік қана емес, елдің интеллектуалды әлеуетінің көрінісі. Бұл үрдіс жастарға әлемдік білімге қол жеткізуге, жаңа технология мен ғылым саласында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

«Білім – ел байлығының негізі» деген нақыл сөз осы жетістіктің мәнін толық ашады. Қазақстан білім саласында жаңа белестерге қол жеткізіп, әлемдік аренада өз орнын нық ұстай бастады.

Махтабай Ұлдана Бейсенбекқызы
Тұран университеті, Журналистика
факультетінің 4-курс студенті



ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘЖІРИБЕ

сор Ержан Алкаяның ғылыми қолдауы мен тәжірибесі ерекше маңызға ие. Ғалымның түркі әлемінің әдебиеті мен мәдени мұрасын зерттеуге қосып жүрген үлесі жас зерттеушілер үшін үлкен мектеп болып табылады.

Сонымен қатар бұл жетістіктің негізінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық уни-

верситетінің ғылыми ортасы мен білім беру сапасы тұрғанын ерекше атап өткен жөн. Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орны саналатын университет жас ғалымдардың халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтауына және ғылыми байланыстар орнатуына кең мүмкіндік жасап келеді.

Ақгүл Айдарбекқызы өзінің ғылыми жолында отандық жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты Самал Дәрібайұлының қолдауы мен бағыт-бағдарының маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өтеді. Ғалымның ғылыми кеңестері мен тәжірибесі зерттеу жұмысының сапалы жүргізілуіне негіз болып отыр.

Ғылым мен білім саласындағы мұндай халықаралық ынтымақтастық Қазақстан мен Түркия арасындағы академиялық байланыстарды нығайтып қана қоймай, түркі әлемінің ортақ ғылыми кеңістігін дамытуға да өз үлесін қосады.

Самал Бауыржан

ЕУРОПА КӨРЕРМЕНИ ҚАЗАҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫН ҚОШЕМЕТПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры Румыния мемлекеті Крайова қаласында өткен әлемдік деңгейдегі «The Craiova International Shakespeare Festival» фестивалі аясында ересектерге арналған «Ромео мен Джульетта» спектаклін ұсынып, еуропалық көрерменнің жоғары бағасына ие болды.

«The Craiova International Shakespeare Festival» – ұлы драматург Уильям Шекспирдің шығармашылығын заманауи тұрғыда қайта пайымдауға, театр өнерін дамытуға және халықаралық тәжірибе алмасуға бағытталған беделді өнер алаңы. 1994 жылдан бері екі жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқан фестивальдің құрылтайшысы – Марин Сореску атындағы Крайова ұлттық театры. Биылғы фестиваль 21-31 мамыр аралығында өтіп, әлемнің 28 елінен келген 90-нан астам шығармашылық ұжымның басын қосты. Он күнге созылған мәдени шара барысында көрермендер назарына 300-ге жуық іс-шара ұсынылды.

Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры аталған халықаралық фестивальге 2025 жылы Франция мемлекеті Авиньон қаласында өткен Халықаралық «Off Avignon» театр фестивалінен кейін арнайы шақырту алған болатын. «Ромео мен Джульетта» спектаклі әлемге әйгілі махаббат хикаясын камералық форматта жаңаша интерпретациялауымен халықаралық театр мамандарының назарын аударған еді.

«Ромео мен Джульетта» спектаклі 2019 жылы режиссер Дина Жұмбабаеваның жетекшілігімен сахналанған. Хореографы – Анна Цой, суретшісі – Юлия Чернова. Спектакль бұған дейін Франция, Канада, Болгария, Ресей, Түркия және Қазақстанда өткен халықаралық театр фестивальдерінде жоғары марапаттарға ие бол-



ған. Румыния сахнасында спектакльді Ұлан Адамбаев, Бота Табылдиева, Мақсат Камалов, Шохан Құлназаров, Эльмира Кумарова және Арайлым Байырбекова көрермен назарына ұсынды.

Крайовадағы көрсетілім көрермендер тарапынан ерекше ықыласқа ие болды. Залдың толуы спектакльге деген қызығушылықтың жоғары екенін аңғартса, қойылым соңындағы ұзаққа созылған овация туындының көрермен көңілінен шыққанын көрсетті. Спектакльдегі актерлердің жанды ойыны, қуыршақ жүргізу шеберлігі, пластика мен бидің үйлесімі, сондай-ақ декорация мен сахналық шешімдердің тұтастығы спектакльдің көркемдік деңгейі – театр мамандары тарапынан жоғары бағаланды. Фестиваль қонақтары мен театр мамандары қазақ қуыршақ өнерінің кәсіби деңгейін жоғары бағалап, шығармашылық ұжымға 2027 жылы Румынияда өтетін «The International Theatre Festival "Elvira Godeanu"» халықаралық театр фестиваліне қатысу жөнінде арнайы шақыру жолдады.

Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ

ҚАРА ШАҒЫРАҚ – ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕРІ

Елімізде жастарға білім берер ЖОО жетерлік және әрбірінің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктері де көп. Себебі қазіргі ХХІ ғасыр цифрлық технология дәуірінде бәсекеге қабілеттілігін арттыру әсіресе келешек мамандарды даярлауда аса маңызды. Алайда тарихы өз алдына, ғылым мен білім, тәлім-тәрбиесі үйлескен небір азаматтар білім алып, өмірде өз орындарын ойып алған және бүгінде атағы жер жарған танымал жандар жайын ескерер болсақ, оған қоса заманауи жаңалықтарды еңсерген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жайын бір ауыз сөзбен жеткізу оңай болмасы анық.

Бүгінгі білім ордасы ғалым, педагог мамандарды ғана емес нағыз еліміздің дамуына үлес қосар бәсекеге қабілетті мобильді мамандарды әзірлеуде. Жалпы университеттің орналасқан жерінің өзі Алматы қаласының ең көрікті ауданында ауқымды шер аймағын мекендеген. Оған қоса табиғи сұлулығы мен білім ордасына қажетті және арасында демалып серуендеуге өте ыңғайлы, әсіресе таза ауасымен шабыттандырып, білімге ынталандыратыны сөзсіз.

Кітапхана, технопарк, жатақхана, спорт алаңы, демхана, т.б. қолжетімді, яғни тек ниет болса болғаны. «Бакалавр», «магистр», «PhD докторы» дәрежесіне ие бола тұра алғашқы қадамнан бастап ғылымға деген бастамаға ерекше ден қояды. Сонымен қатар университетімізде 9 сыныптан кейін білім аламын деушілерге колледж, оған қоса дайындық факультеттері шетел азаматтарының тіл үйренуіне де барлық мүмкіндіктері қарастырылған.

Ғылыммен айналысу барысында ашылған заманауи орталықтар мен арнайы ғылыми зертханалар мамандықтың талабына сай жабдықталып жұмысын жүргізуде. 90 жылдан аса тарихы бар университетіміздің мұражайы: ондағы ашылған күнен бастап бүгінгі күнге жету жолдары, қызмет атқарып, бүгінгі күнге жету жолдарымен танысуға болады. Біршама факультеттердің мұражайлары да келушілерін бей-жай қалдырмасы анық.

Қазіргі уақытта көптеген жастарымыз шетелдерде білім алуға мүмкіндік іздейтіні бар. Алайда әл-Фараби ат.ҚазҰУ бакалавр мамандығынан бастап студенттерге академиялық ұтқырлықпен шетелден білім алып, білімін шыңдауға мүмкіндіктер жасауда жылдан жылға кеңейтуде. «Жас Ғалым» атауымен түрлі жобалар, байқаулар мен ғылыми-педагогикалық республикалық, халықаралық конференциялар қызығушылығын оятып, жаңа идея мен шабыттануға есігін айқара ашады.

Айтпағымыз, маман болу тек бір ауқымы тар мамандыққа ие болу емес, бастысы ғылым – білім – педагог, жалпы «нағыз маман» болу жолына нағыз бағдар әл-Фараби ат.ҚазҰУ-інде.

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Түркология және тіл теориясы кафедрасының оқытушылары: МЕДЕТБЕКОВА П.Т., ҚОРТАБАЕВА Г., Шетел тілі: екі шет тілі мамандығының 1 курс магистранты ЕРКІН А.

SHAPING THE FUTURE OF EDUCATION: MY TEACHING EXPERIENCE AT AL-FARABI KAZNU

Nestled in the heart of Almaty, Al-Farabi Kazakh National University is far more than a typical campus, it is a thriving "academic universe" where leadership and opportunity meet. For nearly a century, this institution has been the gold standard for higher education in Kazakhstan, consistently ranking among the top 1% of universities globally. As a Master's student here, I have seen firsthand how the university's reputation as a "center for the intellectual elite" creates a powerful environment for growth.

The university is renowned for its high employability rates, with 98% of graduates starting their careers within a year. This success is built on a "Green Campus" infrastructure that includes the largest library in the region and cutting-edge research labs. Beyond the facilities, KazNU's commitment to multilingual education prepares us to be competitive on a global scale.

During my recent pedagogical practice, I had the incredible opportunity to apply my academic training to the teaching of the French language. This experience was a true turning point in my professional development.

Under the dedicated mentorship of Kamzina Aiman Aripovna, I moved beyond textbooks to create a vibrant learning environment. My focus was on:

- **Interactive Learning:** I implemented modern teaching techniques that made French grammar and conversation accessible and exciting for my students.
- **Cultural Immersion:** By using multimedia resources, I helped students connect with the French-speaking world, fostering a deeper interest in the language.
- **Adaptive Instruction:** I learned to tailor my approach to different learning styles, ensuring that every student felt supported and motivated.

This internship was a priceless experience that gave me the confidence to lead and inspire. It confirmed that being a student at KazNU is about more than just earning a degree, it is about having the "open door" to real-world achievements. The positive feedback from my students and mentor has been the most rewarding part of this journey.

My academic growth has been profoundly shaped by my supervisor, Zhambylkyzy Marina. She is an exceptional mentor whose expertise and dedication have served as a true guiding light for me. Beyond her deep knowledge of pedagogical science, she has a remarkable talent for inspiring students to think critically and pursue innovative solutions. Her constant support and belief in my potential allowed me to explore the nuances of teaching French with confidence and academic rigor. Working under the guidance of such an inspiring professional has been a highlight of my Master's journey and a perfect example of the high-level mentorship found at Al-Farabi KazNU.

I am proud to be part of a university that encourages us to dream big and gives us the tools to turn those dreams into reality. This successful teaching practice is just the beginning of my journey as an educator and I am grateful for the foundation KazNU has provided.

**1-year master's student Syzykova Tomiris
PhD, Zhambylkyzy Marina, scientific supervisor
Senior lecturer, Kamzina Aiman Aripovna, pedagogical practice methodologist**

“SHAPING FUTURE EDUCATORS: MY PEDAGOGICAL PRACTICE AT AL-FARABI KAZNU”

Studying at Al-Farabi Kazakh National University means being part of an academic environment that combines tradition, innovation, and professional growth. As one of the leading universities in Central Asia, KazNU provides students with not only strong theoretical knowledge but also valuable opportunities to apply their skills in real educational settings. For me, pedagogical practice became one of the most meaningful stages of my Master's journey.

As a first-year Master's student, I completed my pedagogical practice from January 19 to May 2, 2026. During this period, I taught the discipline "Basic Foreign Language" to second-year students at the B2 level. This experience allowed me to strengthen my pedagogical competencies, improve my teaching skills, and better understand the responsibilities of a modern foreign language teacher.

Under the guidance of senior lecturer Nessipbay Guldana Berikovna and scientific supervisor Elubayeva Perizat Keldibayevna, I had the opportunity to immerse myself in the educational process and gain practical experience in higher education teaching.

Throughout the practice, I became familiar with academic documentation, course syllabus, teaching methodologies, and the organization of the educational process. Observing experienced teachers helped me analyze lesson structures, classroom management strategies, and modern approaches to language instruction.

An essential part of the internship involved independent teaching activities. I prepared lesson plans, selected educational materials, and designed tasks aimed at developing students' communicative competence. During classes, I focused on creating an interactive and student-centered learning environment.

My teaching approach emphasized:

1. **Interactive Learning** – organizing pair and group work, discussions, and collaborative activities that encouraged active student participation;
2. **Communicative Development** – helping students improve their speaking skills through practical language use and real-life situations;

3. **Individual Support** – adapting teaching methods according to students' language levels, motivation, and learning styles;

4. **Creative Engagement** – integrating multimedia resources and modern educational technologies to make lessons more dynamic and motivating.

This pedagogical practice also gave me valuable experience in assessing students' progress, managing classroom dynamics, and maintaining an encouraging academic atmosphere. I learned how important flexibility, patience, and effective communication are in the profession of a teacher.

Beyond professional skills, the practice contributed greatly to my personal growth. It strengthened my sense of responsibility, confidence, independence, and ability to make pedagogical decisions in different educational situations. Most importantly, it confirmed my passion for teaching and my desire to continue developing as an educator in the field of foreign language education.

I am sincerely grateful to my supervisors for their mentorship, support, and professional guidance throughout this journey. Their experience and encouragement motivated me to approach teaching creatively and responsibly.

Being a student at Al-Farabi Kazakh National University means constantly striving for self-development, innovation, and academic excellence. This pedagogical practice became an important milestone in my professional formation and inspired me to further explore modern and digital approaches to language teaching, critical thinking development, and learner autonomy.

This experience has shown me that teaching is not only the transfer of knowledge, but also the ability to inspire, guide, and help students discover their own potential.

**1st-year Master's student:
Kudretulla Aruzhan Darkhanovna
Scientific supervisor: Elubayeva Perizat Keldibayevna
Pedagogical practice supervisor: Senior lecturer
Nessipbay Guldana Berikovna**

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY: A CENTER OF ACADEMIC EXCELLENCE AND GLOBAL PERSPECTIVE

Al-Farabi Kazakh National University (KazNU) stands as one of the leading higher education institutions in Central Asia, widely recognized for its strong academic traditions, modern educational approach, and commitment to international standards. Located in Almaty, Kazakhstan's cultural and intellectual heart, KazNU continues to strengthen its reputation in global rankings and attract students from different countries. One of the key strengths of KazNU is its diverse academic environment, where innovation meets tradition. The university offers a wide range of programs designed to meet global educational demands, combining theoretical knowledge with practical skills. Students are encouraged to develop critical thinking, research abilities, and a strong academic foundation that prepares them for both local and international career opportunities.

The Faculty of Philology is one of the most prestigious and historically significant faculties of the university, playing an important role in preserving linguistic heritage while advancing modern linguistic and literary studies. Within this faculty, the Department of Turkology and Theory of Language stands out as a vital center for academic excellence. The department is highly regarded for preparing top-tier specialists who possess a deep understanding of the Turkic world and modern linguistic frameworks. A defining feature of this department is the exceptional quality of its graduates; the rigorous training and practical focus ensure that students become highly competitive in the labor market. As a result, specialists from this department are known for their high employability, often securing professional positions in their field almost immediately after graduation.

The educational programs are carefully designed to develop deep linguistic competence and intercultural communication skills. A major advantage is the highly qualified teaching staff, consisting of experienced researchers and professors who ensure students receive up-to-date knowledge. The curriculum balances theory and practice, where students engage in research projects and practical language applications. Special attention is given to developing English proficiency at an advanced level, which, combined with the specialized knowledge from the Department of Turkology and Language Theory, prepares graduates for successful careers in education, media, diplomacy, and international organizations.

In addition to strong academic preparation, KazNU provides students with a dynamic campus life and opportunities for academic mobility through international partnerships. This global orientation allows students to participate in exchange programs and gain experience in different educational environments. Overall, Al-Farabi Kazakh National University represents a powerful combination of academic excellence, professional development, and cultural enrichment. It is a place where knowledge is transformed into real-world competence, shaping future educators and global professionals who are ready to excel in the modern workforce.

**Specialty: 7M01704 – Foreign Language:
Two Foreign Languages
First-year Master's student: Mukhtarova
Nazerke Mukhtarkyzy
Scientific Supervisor: PhD, Senior
Lecturer Marina Zhambylkyzy**

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕ: САҚТАЛУ ЖОЛДАРЫ МЕН НАҚТЫ ҮЛГІЛЕР

Қазіргі әлем жаһандану мен цифрлық технологиялар заманында өмір сүруде. Бұл үрдіс халықтарды жақындастырып, мәдениеттерді тез арада бөліседі. Дегенмен ұлттық мәдениет пен сәйкестікті сақтау мәселесі көбіне сыналады. Түркі халықтары – қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, татар және басқа да елдер – өздерінің тілін, салт дәстүрін, өнерін жоғалтпау үшін белсенді әрекет жасап келеді.

Тіл – мәдениеттің ең басты тірегі. Түркі тілдері тобына жататын тілдер арасындағы ортақтық пен ұқсастық мәдени байланысқа мүмкіндік береді. Қазақтар «Қобыланды батыр», қырғыздар «Манас», өзбектер «Алпымыш», түріктер «Деде Қорқыт» сияқты эпостарды мектептерде оқытады. Бұл шығармалар ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибені бүгінгі жастарға жеткізетін сабақ ретінде ақиқат маңызға ие.

Салт дәстүр мен мейрамдар да ұлттық болмысты сақтаудың маңызды бөлігі. Мәселен, қазақ қоғамында жыл сайын атап өтілетін Наурыз мейрамы ұлттық тағамдардан бастап, салт дәстүрлерге дейін ұрпаққа ұлттық мәдениетті түсіндіреді. Бұл күн – халық бірлігін нығайтып, ұлттық тамырларына қайта оралатын мереке. Қырғыз халқы үшін дәстүрлі сүттен жасалған сусын кумис пен оған арналған фестивальдер – елдің рухани байлығын сақтауға бағытталған мәдени шаралар қатарында. Түркі халықтарында осындай мерекелер бүгінге дейін халықтық сана мен бірлікті қолдаушы рөл атқарады.

Жаһандану дәуірінде цифрлық технологиялар ұлттық мәдениетті сақтауға үлкен мүмкіндік берді. Қазақстанда «Ұлттық кітапхана» мен «Электрондық кітап қоры» сынды платформалар қазақ әдеби шы-

ғармаларын онлайн таратып, жас ұрпаққа қолжетімді етеді. Бұл бастама қазақ тіліндегі классикалық шығармаларды оқу мен зерттеуді жеңілдетеді. Өзбекстан мен Түркияда да ұқсас жобалар бар: ұлттық эпостар мен фольклорлық материалдар YouTube, TikTok және Instagram сияқты платформаларда белсенді жарияланып, жастардың мәдени дәстүрлерімен танысуына жол ашады.

Сонымен қатар медиа жобалар ұлттық музыка мен қолөнерді сақтау мен насихаттауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, түрік киноиндустриясы тарихи фильмдер арқылы ұлттық салт дәстүр мен тарихты экранға шығарып, халықаралық аудиторияға таныстыруда. Қазақстандағы деректі фильмдер мен мультимедиялық жобалар қазақтың ұлттық салт дәстүрін көрнекі түрде көрсете отырып, мәдениетке қызығушылықты арттыруға септігін тигізеді.

Тарихи мұра – халқымыздың рухани қазынасы. «Өткеніңді білмесең, болашағыңды бағдарлай алмайсың» деген халық даналығы бүгінгі күнге дәл келеді. Сондықтан түркі әлемінде тіл, әдебиет, өнер, дәстүр мен жаңа технологияларды біріктіре отырып, ұлттық мәдениетті сақтап қалу – бүгінгі ұрпақтың маңызды міндеті.

Жаһандану – бұл жаңа мүмкіндіктер кезеңі. Әлем азаматтары бір-бірінің мәдениетімен танысып, ортақ тәжірибе жинауда. Дәл осы кезде ұлттық мәдениетті сақтау, тілдік, этникалық және рухани ерекшелікті дәріптеу – болашақ ұрпаққа берілетін ең құнды сабақтың бірі.

Махтабай Ұлдана Бейсенбекқызы
Тұран университеті,
Журналистика факультетінің
4-курс студенті

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY PROMOTES SUSTAINABLE VALUES THROUGH SDG 12 INITIATIVE

Today, environmental issues and excessive consumption have become some of the most urgent global challenges. Millions of tons of waste are produced every year, while natural resources continue to decrease rapidly. For this reason, the United Nations introduced Sustainable Development Goal 12 — Responsible Consumption and Production. The main purpose of this goal is to encourage people to reduce waste, consume resources responsibly, support recycling, and build environmentally conscious lifestyles.

As one of the leading universities in Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University actively supports the ideas of sustainable development and promotes environmental awareness among students. Foreign Languages Department organized an English-language round table discussion entitled “Sustainable Consumption and Production” dedicated to SDG 12.

The event was conducted by faculty members A. Shayahmet, A. Dzhanzuzakova, and M. Almugambetova. The round table brought together first-year students, who discussed important environmental issues and shared their ideas on how responsible consumption can improve everyday life in Kazakhstan. A special guest of the event was Deborah Walker from California, USA, an experienced TESOL educator and environmental activist. In her speech, she spoke about modern ecological problems, environmental responsibility, and the importance of individual actions in protect-

ing nature. Students also demonstrated their creativity and communication skills through presentations and multimedia projects. A. Kulazhan, A. Ersain, A. Adil, A. Zhiembai, N. Usenbayev, A. Nukhov, and A. Salikbayev presented reports on recycling, waste reduction, and sustainable lifestyles. R. Murzagali and E. Bazarbay created a modern video project reviewing environmental issues related to responsible consumption. An international perspective was added through student interviews with young people from the United States, Afghanistan, and Japan. In addition, K. Azamatkyzy and A. Serik organized an interactive Kahoot game to reinforce the principles of responsible consumption in an engaging way. The event concluded with students presenting colorful handmade posters supporting Sustainable Development Goal 12 and expressing their hopes for a cleaner and more sustainable future.

The round table became an excellent example of how Al-Farabi Kazakh National University combines education, international cooperation, and environmental responsibility. Through such initiatives, the university continues to inspire students to become active, conscious, and globally minded citizens.

ALMUGAMBETOVA M.S.
Senior lecturer of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail:
cubnmkl@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ: ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ САНАЛЫ ОЙЛАУ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ЖАҢА ӨЛШЕМІ

Қазіргі дәуір – ақпараттың шексіз ағыны қалыптасқан уақыт. Әр адам күн сайын түрлі дереккөзден жүздеген жаңалық, хабарлама, бейне және пікір қабылдайды. Осы ақпараттың ішінде шынайысы да, жалғаны да, пайдалысы да, зияндылары да бар. Осындай күрделі ортада өмір сүріп жатқан қоғам үшін ақпаратты дұрыс түсініп, оны талдап, қажетсізін сүзгіден өткізу дағдысы ерекше маңызды. Мұндай дағды «ақпараттық мәдениет» деп аталатын кең ұғымға бірігеді. Ақпараттық мәдениет тек технологияны пайдалану қабілеті емес, бұл – адамның жалпы интеллектуалдық деңгейін, ойлау сапасын, этикалық көзқарасын, жауапкершілігін көрсететін кешенді мәдени феномен.

Ақпараттық мәдениеттің мәні ақпаратты қабылдау, оны іріктеу, түсіну және өз қажетіне сай қолдану қабілетінде жатыр. Бүгінгі қоғамда бір ғана ақпаратқа сеніп қалу қауіпті. Себебі ақпаратты манипуляция жасауға, қоғамдық пікірді бұруға, адамдарды шатастыруға бағытталған материалдар өте көп. Сондықтан ақпараттық мәдениеті жоғары адам жаңалықты оқығанда оның шыққан көзін тексеріп, мазмұнының логикасына назар аударады, түрлі дереккөздерден салыстырып көреді. Бұл – жалғыз өзіне ғана емес, жалпы қоғамға да зиян келтірмеудің бір жолы. Себебі бір адамның таратқан жалған ақпараты мыңдаған адамдарға әсер етуі мүмкін.

Ақпараттық мәдениеттің тағы бір маңызды бөлігі – этикалық нормаларды сақтау. Әлеуметтік желіде жазылған әрбір пікір адамның ішкі мәдениетін көрсетеді. Өкінішке қарай, қазіргі цифрлық кеңістікте кибербулинг, өсек тарату, қорлау, жеке адамның құқығын аяққа таптау секілді жағымсыз құбылыстар жиі кездеседі. Ақпараттық мәдениеті қалыптасқан адам интернеттегі қарым-қатынаста да сыпайылығын жоғалтпайды,

өзгелердің жеке өміріне қол сұқпайды, адамның суреттері мен видеоларын рұқсатсыз таратпайды, пікір таласта әдепті сөйлеуге тырысады. Әлеуметтік медиадағы этика – адамның шынайы өмірдегі бейнесінің жалғасы, сондықтан желідегі жауапкершілік мәдениеті қоғамның моральдық денсаулығын қалыптастырады.

Ақпараттық мәдениеттің маңызды қырларының бірі – цифрлық қауіпсіздік. Қазіргі уақытта интернеттегі алаяқтық, фишинг, жеке мәліметтердің таралуы сияқты қауіптер көп. Бұл қауіптерге қарсы тұру үшін әр адам өз аккаунттарын дұрыс қорғауды, құпия сөздерді қауіпсіз қояуды, күмәнді сілтемелерге өтпеді, жеке ақпаратты кез келген сайтқа енгізе бермеуді үйренуі тиіс. Цифрлық қауіпсіздік – тек техникалық дағды емес, адамның өзіне және жақындарына қауіп төндірмеу үшін атқаратын мәдени міндеті. Ақпараттық мәдениет мықты қоғамда адамдар өз жеке деректерін қадірлейді және оларды қорғауды біледі.

Ақпаратты шығармашылықпен қолдану да ақпараттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпаратты тек қабылдау жеткіліксіз, оны түсініп, жүйелеп, жаңа идея тудыру үшін пайдалану қажет. Ғылыми жұмыстар жазғанда дереккөздерге сүйену, журналистік мақалаларда ақпаратты талдау, шығармашылық жобаларда фактілерді орынды қолдану – бәрі ақпараттық мәдениеттің көрінісі. Адам ақпаратпен сауатты жұмыс істей алғанда ғана оның ойлауы тереңдеп, интеллектуалдық деңгейі жоғарылайды.

Бүгінгі ақпараттық кеңістікте көптеген адамдар бір-бірін теріс бағытта әсер ете алады: бір жаңалыққа ренжіген, бір пікірге көңілі толмаған адамдар бір-біріне дөрекі жауап жазып, өсек таратып, жағымсыз пікір қалыптастырады. Бұл мәдениетсіз қарым-қатынас түрі,

өйткені ақпарат тек объективті беріліп қана қоймай, оны қабылдайтын адамның психологиясына да әсер етеді. Ақпараттық мәдениеті төмен адамдар осындай жағдайларды талдай алмай, теріс ақпаратты таратып, қателікке жол береді.

Ақпараттық мәдениет тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына әсер ететін маңызды фактор. Ақпаратты дұрыс тани алатын, жалған мәліметтерге алданбайтын, мәдениетті түрде пікір білдіретін, кибербулингке жол бермейтін қоғам – тұрақты және дамыған қоғам. Мемлекет деңгейінде ақпараттық мәдениетті көтеру үшін білім беру жүйесіне цифрлық сауат пен медиасауат пәндерін енгізу, мектеп пен университетте ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін үйрету, бұқаралық ақпарат құралдарының жауапкершілігін арттыру қажет. Ақпараттық мәдениет дамыған қоғамда адамдар ақпаратқа сын көзбен қарап үйренеді, бұл олардың таңдауына, өміріне, дүниетанымына оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, ақпараттық мәдениет – XXI ғасыр адамының ең маңызды қабілеттерінің бірі. Бұл адамның қандай ақпаратты таңдайтынын, оны қалай түсінетінін, оны қаншалықты жауапкершілікпен қолданатынын көрсететін көрсеткіш. Ақпараттық ағым күшейген сайын ақпараттық мәдениеттің маңызы да арта береді. Саналы азамат болу үшін әрбір адам ақпаратты тек тұтынушы ғана емес, оны түсінетін, бағалайтын, дұрыс қолданатын тұлғаға айналуы тиіс. Сол кезде ғана қоғамда ақпараттық сауат пен ақпараттық мәдениет жоғары деңгейде қалыптасып, цифрлық кеңістік қауіпсіз әрі мәдениетті бола алады.

Зарина Әбілқасым.
Тұран университетінің 4-курс студенті

ТҮРКИЯДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДАМА: ҒЫЛЫМ мен РУХАНИЯТ ТОҒЫСҚАН САПАР

Ғылымның шекарасы жоқ. Білім мен тәжірибе алмасу арқылы ғана зерттеуші жаңа биіктерге көтеріледі. Осы тұрғыдан алғанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты Жанар Ибраеваның Түркия Республикасындағы ғылыми тағылымдамасы кәсіби ізденіс пен халықаралық ғылыми байланыстың жарқын үлгісіне айналды.

Жанар Ибраева 30 күн бойы Түркияның Элязыг қаласындағы Фырат университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Бұл сапардың басты мақсаты – түркітану, әдебиеттану және қазіргі түрік диалектілерін зерттеу бағытындағы ғылыми тәжірибені жетілдіру, шетелдік ғалымдармен байланыс орнату және ортақ ғылыми жобалардың негізін қалыптастыру болды.

Тағылымдама барысында докторант Фырат университетінің Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеті бөлімінің доценті, доктор Гүлда Четиндаг Суменің жетекшілігімен ғылыми жұмыстар жүргізді. Түрік ғалымының кәсі-

би қолдауы мен ғылыми кеңестері зерттеу жұмысының мазмұнын байытып, жаңа ғылыми көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Элязыг қаласы – түркі өркениетінің терең тамырын сақтап қалған өңірлердің бірі. Сондықтан тағылымдама тек ғылыми тәжірибе ғана емес, түркі дүниесінің ортақ мәдени кеңістігін тереңірек тануға жол ашқан рухани сапарға да айналды. Түрік әдебиеті, мәдениеті мен тіліне қатысты тың деректермен танысу докторанттың ғылыми ізденістеріне жаңа серпін берді.

Жанар Ибраеваның ғылыми қалыптасуында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология факультеті мен оның ғылыми ортасының орны ерекше. Әсіресе отандық ғылыми жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Смағұлова Күлдархан Нұрғазықызының қолдауы мен бағыт-бағдары тағылымдаманың нәтижелі өтуіне негіз болды. Ғылымның тәжірибесі мен ғылыми мектебі жас зерттеушінің кәсіби дамуына жол ашып келеді.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық ғылыми байланыстарды нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп, жас ғалымдарға әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында тәжірибе жинақтауға мүмкіндік жасап отыр. Бұл – университеттің ғылым мен білім сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық ұстанымының айқын көрінісі.

Түркиядағы тағылымдама нәтижесінде жаңа ғылыми байланыстар орнатылып, болашақтағы бірлескен зерттеулерге негіз қаланды. Екі ел ғалымдарының тәжірибе алмасуы түркі әлемінің ортақ ғылыми кеңістігін дамытуға қызмет ететіні сөзсіз.

Ғылым жолындағы мұндай тағылымдамалар жас зерттеушілердің кәсіби көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, қазақ ғылымының халықаралық деңгейдегі беделін арттыруға да үлес қосады.

Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ: НЕ ӨЗГЕРЕДІ ЖӘНЕ ҚАНДАЙ МАҢЫЗЫ БАР?

Тарихта елдің дамуына бағыттайтын құжаттар сирек қана дүниеге келеді. Солардың ең негізгісі – Конституция. Ол мемлекеттің ары бері жолын, адамның құқығын, биліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайды. 2026 жылы Қазақстанда жаңа Конституция жобасы жарияланып, 15-наурызда референдумға шығарылатын болды. Бұл – ел үшін стратегиялық мәнге ие маңызды өзгеріс.

Жаңа жобаның мәні неде? Оның қоғам өміріне қандай әсері бар? Осы сұрақтар бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбына айналды.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҚОҒАМҒА НЕ БЕРЕДІ?

Жоба билік пен қоғам арасындағы қарым қатынасты өзгертуді, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуді көздейді. Ең алдымен, бұл құжат білім, ғылым, мәдениет пен инновация салаларындағы құқықтарды айқын түрде бекітеді.

Мысалы, білім алу құқығы – әр азаматтың өмірдегі ең маңызды негіздерінің бірі. Жаңа Конституцияда бұл құқық әділ, тең әрі сапалы білім алу мүмкіндігі ретінде көрінеді. Сонымен бірге ғылым мен инновация саласына қатысты жаңа баптар енгізілген: мемлекеттің ғылыми зерттеулерге қолдау көрсету міндеті айқын көрсетіледі.

Бұл саладағы өзгерістер елдің креативті әлеуетін арттыруға, жаңа технологияларды дамытуға және жас зерттеушілерге жағдай жасауға бағытталған.

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАР МЕН ТЕҢДІК

Жаңа жобада әлеуметтік теңдік пен

адамның өмір сапасын жақсартуға арналған шарттар нақты көрсетілген. Бұл құжатта ең төменгі әлеуметтік стандарттар, ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға қолдау, зейнетақы мен медициналық көмектің теңдігі сияқты мәселелер айқын жазылған.

Бұл өзгерістер – қоғамдағы әділеттілікті арттыруға, әлеуметтік шиеленістерді азайтуға бағытталған маңызды қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ ОРНЫ МЕН ФУНКЦИЯСЫ

– Жаңа Конституция мемлекеттік биліктің механизмдерін күшейтуге және теңгерімділікке бағытталған.

– Билік тармақтары арасындағы балансқа ерекше мән берілген.

– Азаматтардың жергілікті басқаруға қатысу мүмкіндігі кеңейтілген.

Бұл – демократиялық құрылымды нығайтуға жасалған нақты қадам.

ЗАҢНЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Жаңа Конституцияның ең үлкен артықшылығы – азаматтық құқықтардың кеңеюі. Бұл құжатта азаматтардың жеке мәліметтерін қорғау, еңбек құқығын сақтау, сөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу сияқты салалар нақты тұжырымдалған.

Мысалы, ақпаратқа қол жеткізу құқығы бүгінгі күнде өте маңызды. Жаңа Конституция осы саладағы шектеулерді азайтып, азаматтар мен журналистерге ақпарат алу мен таратуда көбірек еркіндік береді.

Сондай ақ, құжат экономикалық құқықтарға да айрықша көңіл бөліп, кәсіп-

керліктің дамуына, инвестицияның артуына, жекеменшік пен инновацияларға құқықтық кепілдік береді.

РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МӘНІ

Қазақстанның жаңа Конституция жобасы 15-наурызда референдумға шығарылмақ. Бұл – мемлекет тарихында маңызды саяси оқиға. Референдум – халықтың өз еркімен билік құрылысына тікелей қатысуға мүмкіндік беретін демократиялық құрал. Яғни бұл – қоғам мен мемлекеттің өзара сеніміне негізделген қадам.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңа Конституция – бұл жай ғана қағаз бетіндегі өзгерістер емес. Бұл – азаматтың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге, әлеуметтік теңдікті арттыруға, демократиялық механизмдерді нығайтуға бағытталған стратегиялық құжат. Ол елдің болашағын айқындайды, мемлекет пен қоғам арасындағы қарым қатынасты жаңаша тұрғыдан қалыптастырады.

Осы реформа – елдің тарихи даму логикасына сәйкес, азаматтық қоғамды дамыту мен құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Бүгінгі таңда қоғам бұл құжатты үлкен үмітпен күтіп отыр. Себебі Конституция – ел болашағының негізі.

Махтабай Ұлдана Бейсенбекқызы
Тұран университеті, Журналистика
факультетінің 4-курс студенті

АЛМАТЫ мен АСТАНАДАН БІРНЕШЕ ЕЛГЕ ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙСТЕР АШЫЛАДЫ

Қазақстан халықаралық әуе қатынасын кеңейтіп жатыр. Жақын күндері Алматы мен Астанадан Түркия мен Кипрге жаңа тікелей рейстер іске қосылады, деп хабарлайды ВАQ. KZ тілшісі.

Бұл туралы брифинг барысында ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Ерлан Жетібаев мәлімдеді.

Измир – Алматы рейстері

Оның айтуынша, SunExpress әуе компаниясы Измир – Алматы – Измир бағыты бойынша тікелей рейстерді іске қосады.

Рейстер биылғы жылдың қазан айының соңына дейін аптасына екі рет орындалады, – деді Ерлан Жетібаев.

Кипрге тікелей рейстер ашылады

Сонымен қатар 2 маусымнан бастап Air Astana әуе компаниясы Астана – Ларнака бағыты бойынша тікелей рейстерді орындай бастайды. Ұшақтар аптасына екі рет қатынайды.

Сондай-ақ 4 маусымнан бастап Алматы – Ларнака бағыты бойынша тікелей рейстер ашылады. Рейстер аптасына екі рет орындалады.

Жаңа рейстер не береді?

SIM мәліметінше, жаңа әуе бағыттарының ашылуы елдер арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік және гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, жаңа рейстердің іске қосылуы қосымша көлік мүмкіндіктерін арттырып, іскерлік ынтымақтастықтың дамуына серпін береді.



Меншік иесі:

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ Президенті және «Түркі Әлемі» газетінің Бас редакторы – АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары мәдени қоры Әйелдер комитетінің төрайымы – Дариға ТҮРЛЫБЕК

Түркі халықтары мәдени қоры Зиялылар комитетінің төрайымы – Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 5 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Дариға ЖҮНИСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА
Тұрсын ҒАБИТОВ
Мұсат ИМАНҚҰЛ

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:
Фарида ТУҒАНБАЙ

Меншікті тілші:
Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ

Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қотман университетінің доценті – Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com


Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@yahoo.com

Румыниядағы өкілі Гольшен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

çiçek mangal



ТУРЕЦКАЯ КУХНЯ



cicek_mangal

cicek mangal

1. г. Алматы, ул. Кунаева 64

тел. + 7 727 273 0268, сот. + 7 702 918 9001

2. г. Алматы, ул. А.Нусупбекова 26/11а-11

тел. + 7 727 397 6667, сот. + 7 701 639 4434.

3. г. Алматы, проспект Назарбаева 226, МФК RAMSTORE ALL IN

тел. + 7 727 279 2222, сот. + 7 702 152 9998

NIKEL METAL

www.nikelmetal.kz

О КОМПАНИИ

ТОО «NIKEL METAL» – надежный поставщик нержавеющей металлопродукции и цветных металлов в Республике Казахстан. Компания располагает собственным складом в г. Алматы и успешно работает на рынке более 10 лет, обеспечивая промышленные, строительные и торговые компании качественной продукцией. Мы предлагаем широкий ассортимент изделий из нержавеющей стали, алюминия и оцинкованного металла, полностью соответствующих международным стандартам AISI.

НАШИ ПАРТНЕРЫ



НАШИ ПРЕИМУЩЕСТВА:

- ✓ Широкий ассортимент металлопродукта
- ✓ Стабильное наличие на складе
- ✓ Конкурентоспособные цены
- ✓ Профессиональный подход к каждому клиенту
- ✓ Надёжность и ответственность в поставках
- ✓ Оперативная логистика
- ✓ Доставка по Алматы и регионам Казахстана




КОНТАКТНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ТОО «NIKEL METAL»

Адрес: г. Алматы, ул. Утеген батыра, 58А (уг. ул. Толе би).

www.nikelmetal.kz
buh@nikelmetal.kz

Тел. :

- +7 (707) 586-55-50
- +7 (707) 586-55-54
- +7 (777) 523-00-39
- +7 (727) 381-65-54



BARSAN

ТЕЛЕФОН АКСЕССУАРЛАРЫ ЖӘНЕ ТЕЛЕФОНДАР



ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ
Мүшелеріне жарамды

ЭКСТРА
20%
ЖЕҢІЛДІК
Мүшелеріне жарамды



САПАЛЫ ӨНІМДЕР



СЕНІМДІ ҚОРҒАУ



ҚОЛЖЕТІМДІ БАФАЛАР



КЕҢ ТАҢДАУ



kaspi magazin



Магазиніміз
Seven Shop



Kaspi.kz қосымшасында ізденіз



ТРЦ «Atakent Mall» Студент, бутик 6, Тимирязева 42, к3



+7 776 362 5396

+7 702 957 8272



@barsan_case instagram